VERTU

CONSTELLATION V

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ НҰСҚА 1.0

Мазмұны

Кіріспе ... **5**
Сіздің Constellation V телефоныңыз ... 5
Анықтама және қолдау ... 5
Қауіпсіздік ... **6**
Қауіпсіздік ... 6
Сіздің телефоныңыз ... **7**
Орам құрамында ... 7
Мүмкіндіктер және пернелер ... 7
Артқа, басты бет және соңғы қолданбалар ... 9
Антенна орналасулары ... 10
Құлаққап ... 10
Дыбыс деңгейін өзгерту ... 11
Жұмысты бастау ... **12**
SIM-картаны енгізу ... 12
Телефонды зарядтау ... 13
Телефонды қосу немесе өшіру ... 14
Сенсорлы экранның әрекеттері ... 15
Іске қосу қадамдары ... 16
Телефонды құлыпталған кезінде пайдалану 17
Зерттеу ... **18**
Басты экран туралы ... 18
Күй және хабарландыру жолағы ... 18
Күй және хабарландыру белгішелері ... 19
Сағат виджеті ... 20
Басты экранға виджеттерді қосу ... 20
Таңдаулылар науасы ... 21
Ұшақ режимі ... 21
Дауыс әрекеттері ... 21
Қолданбалар ... **22**
Қолданбалар туралы ... 22
Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар) ... 22
Google Play™ ... 22
Қолданбалар туралы сақтық кеңес ... 23
Қолданбаларды жаңарту ... 23
Қолданбаларды басқару және қалпына келтіру ... 24
Қолданбаларды жабу ... 24
Қолданбаларды жою ... 24
Vertu қызметтері ... **25**
Vertu қызметтері туралы ... 25
Мәтін енгізілімі ... **27**
Пернетақта енгізілімі ... 27
Болжалды мәтін ... 27
Қимылмен мәтінді теру ... 28
Сөздіктер ... 28
Пернетақта тілін таңдау ... 28
Қоңыраулар ... **29**
Қоңыраулар туралы ... 29
Қоңырау шалу және жауап беру ... 29
Соңғы терілген нөмірге қоңырау шалу ... 30
Таңдаулыларға жылдам қоңырау шалу ... 30
Дауыстық поштаны тыңдау ... 30
Қоңыраулар басқа нөмірге аудару ... 31
Конференция қоңырауын жасау ... 31
Контактілер ... **32**
Контактілер туралы ... 32
Контактілерге қоңырау шалу, хабарлама немесе электрондық хат жіберу ... 32
Контактілерді қосу ... 33
Контактілерді біріктіру ... 33
Контактіні өңдеу немесе жою ... 33
Қоңыраудағы немесе хабардағы нөмірді сақтау ... 33
Контактілерді таңдаулылар ретінде белгілеу 34
Контактілерді дербестендіру ... 34
Контактілерді тасымалдау ... 35
Хабар және электрондық хат жіберу ... **36**
Хабар жіберу туралы ... 36
Хабарларды жіберу және оқу ... 36
Хабарды топқа жіберу ... 36
Жедел хабарлар ... 36
Хабарларды басқару ... 37
Корпоративтік электрондық поштаны орнату 37
Google поштасын орнату ... 38
Жеке электрондық поштаны орнату ... 38
Музыка ... **39**
Музыка туралы ... 39
Әндерді немесе альбомдарды Play Music қолданбасына қосу ... 39
Музыканы ойнату ... 41
Карталар және навигация ... **42**
Google Maps™ ... 42
Google Maps™ with Navigation beta ... 42
Телефонды жекелендіру ... **43**
Виджеттер ... 43
Жылдам теру пернелері ... 43
Рингтондар ... 43

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Фондық суреттер ... 44
Дыбыстарды әрекеттерге белгілеу ... 44
Параметрлерді көрсету ... 45
Автоматты айналдыру ... 45
Экран құлпы ... 45
Күн және уақыт параметрлері ... 46
Тіл және аймақ параметрлері ... 46
Әлеуметтік жәлілер ... 47
Тіркелгіні қосу ... 47
Тіркелгіні жою ... 47
Контактілерді синхрондау ... 47
Тіркелгілерді басқару ... 48
Синхрондалған опцияларды теңшеу ... 48
Тіркелгілерді қосу және жою ... 48
Тіркелгілердің көшірмесін жасау және қалпына келтіру ... 48
Браузер ... 49
Веб-браузер туралы ... 49
Интернетке шолу ... 49
Интернетке қосылу ... 50
Бетбелгіні қосу ... 50
Виджет арналары ... 50
Құпиялылық және қауіпсіздік ... 51
Жүктеулер ... 51
Камера ... 52
Камера туралы ... 52
Суретке түсіру және онымен бөлісу ... 52
Камера параметрлері ... 53
Бейне жазу және онымен бөлісу ... 54
Бейне параметрлері ... 55
Галерея ... 56
Галерея туралы ... 56
Фотосуреттер және бейнелерді көру және өңдеу ... 56
Фотосуреттер және бейнелермен бөлісу ... 56
Альбомды көру ... 57
Қалта жасау ... 57
Контактіге кескіндер және суреттерді белгілеу ... 57
Экранның суретін түсіру ... 57
Кеңсе құралдары ... 58
Clock (Сағат) ... 58
Калькулятор ... 58
Calendar (Күнтізбе) ... 58
Байланыс ... 60
Wi-Fi ... 60
Bluetooth ... 61
Орын қызметтері ... 62
Компьютер арқылы синхрондалуы үшін телефонды орнату ... 62
Телефон мен компьютер арасындағы көшіру ... 63
Мобильдік интернетке байланыстыру және кіру нүктесі ... 63
NFC ... 63
Телефонды басқару ... 65
Жүйенің жаңартылуы ... 65
Телефон жадын тазарту ... 65
Деректер пайдалануын оңтайландыру ... 65
Деректер роуминг параметрлері ... 66
Телефонның сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру ... 66
Телефонды автоматты құлыптауға орнату 67
PIN кодын өзгерту ... 67
Кіру кодтары ... 67
Негізгі параметрлерді қалпына келтіру ... 68
Кеңестер мен әдістер ... 69
Жалпы кеңестер ... 69
Батареяның қызмет мерзімін ұзарту ... 70
Жиі қойылатын сұрақтар ... 71
Сұрақтар ... 71
Телефон батареясының қызмет мерзімін қалай арттыруға болады? ... 71
Телефонымды пайдалану үшін Google™ тіркелгісі қажет пе? ... 72
Тарифтік шығындарды, әсіресе шетелде, қалай азайтуға болады? ... 72
Музыканы компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады? ... 73
iTunes музыка кітапханамды телефонымда қалай тыңдауыма болады? ... 73
Электрондық пошта тіркелгісін телефонда қалай баптауға болады? ... 74
Контактілерді телефонға қалай тасымалдауға болады? ... 74
Фотосуреттерді компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады? ... 76
Музыканы рингтон ретінде қалай орнатуға болады? ... 76
Телефонымдағы қаріп өлшемін қалай ауыстыруға болады? ... 77
Телефонымдағы соңғы бағдарлама жаңартуларын қалай тексеруге болады? ... 77

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Байланыс неге жоқ? ... 77
Ішкі жады жарияланған жадыдан неге кем? 78
Телефонымды заңсыз пайдаланудан қалай қорғауға болады? ... 78
Телефонымның IMEI нөмірін қалай табуға болады? ... 78
Қоңыраулар журналын немесе жиі байланысатын адамдар тізімін қалай тазалауыма болады? ... 78
Телефоным неге қызады? ... 78
Телефонымда қалған жадының көлемін қалай анықтауға болады? ... 79
Фотосуретті фондық сурет ретінде қалай орнатуға болады? ... 79
Егер менде дерек байланысы болмаса, мен сонда да Google Maps қолданбасын қолдана аламын ба? ... 79
Аксессуарлар ... **80**
Батареяны зарядтау құрылғысы ... 80
Деректерді тасымалдау кабелі ... 80
Сымды стерео құлаққап ... 81
Сипаттамалар ... **82**
Сипаттамалар ... 82
Телефоныңызды күту ... **84**
Жалпы күтім жасау ... 84
Безендіру ... 84
Экзотикалық былғарылар ... 85
Былғары ... 85
Қымбат емес металдар ... 85
Қымбат металдар ... 85
Асыл тастар ... 86
Сапфир және керамика ... 86
Қауіпсіздік және көпілдік ... **87**
Қауіпсіздік мәтіні ... 87
Қосымша күтім және техникалық қызмет көрсету ... 91
Өндірушінің шектеулі кепілдігі ... 92
Телефон үшін бағдарламалық қолданба ескертулері ... 96
Қоршаған ортаға әсері ... 98
Экспорт және бақылау ... 99
Авторлық құқық және сауда маркасының белгілері ... 99
АМК (Арнайы меншікті коэффициент) белгісі - RM-851V ... 100
Сәйкестік декларациясы ... 102

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Кіріспе

Сіздің Constellation V телефоныңыз

Бұл нұсқаулық Constellation V телефоныңыздағы функцияларды пайдалану туралы толық ақпаратпен қамту үшін ұсынылған.

Vertu Life және Vertu Certainty сияқты ерекше артықшылықтар мен басымдықтарға қатынасу үшін, телефоныңызды тіркеуіңіз қажет.

Бұл нұсқаулықта қолданылған суреттер тек мысал ретінде ұсынылған. Олар Constellation V телефоныңыздың нақты сыртқы пішінінен өзгеше болуы мүмкін.

Анықтама және қолдау

Телефоныңызды пайдалану туралы қосымша ақпаратты алу үшін:

- Vertu тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына не Vertu пернесін басу, не Vertu Certainty қолданбасы арқылы хабарласыңыз.
- Vertu Certainty қолданбасынан немесе http://www.vertu.com/help-and-support/user-guides-and-downloads.aspxVertu веб-торабынан телефон туралы пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Электрондық пошта тіркелгісін жасап, тіркелуде көмек алу үшін телефоныңыздағы баптау шеберлерін пайдаланыңыз.

Сәйкестілік ақпараты

SIM карта ұяшығында орналасқан жылжымалы металл жапқыш туралы сәйкес келетін ақпаратты табуыңызға болады. SIM карта ұяшығына қатынасу туралы нұсқаулықтар үшін, 12-беттегі SIM-картаны енгізу бөлімін қараңыз. Көрсетілген ақпарат IMEI нөмірі, сериялық нөмір, өнім атауы және 2D штрих-кодты қамтиды.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік

Осы қарапайым нұсқауларды оқыңыз. Оларды орындамау қауіпті немесе заңсыз болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығыңыз.

Шектелген аймақтарда өшіріңіз

Ұялы телефонды пайдалану рұқсат етілмеген жерде немесе кедергі, не қауіп тудыратын жерде, мысалы, ұшақта, ауруханаларда немесе медициналық жабдық, отын, химикаттар, не жарылатын аймақтардың жанында құрылғыны өшіріңіз. Шектелген аймақтарда барлық нұсқауларды орындау қажет.

Жолдағы қауіпсіздік бірінші орында тұрады

Барлық жергілікті заңдарды сақтаңыз. Автокөлікті жүргізу барысында қолыңызда телефон болмауы тиіс. Жүргізу кезінде сіздің назарыңыз ең алдымен жол қауіпсіздігінде болуы қажет.

Кедергі

Барлық сымсыз құрылғылар өнімділікке әсер тигізетін кедергіге сезімтал болуы мүмкін.

Білікті қызмет

Осы өнімді тек білікті қызметкерлер орната алады немесе жөндей алады.

Құрылғыны құрғақ күйде ұстаңыз

Құрылғы суға төзімсіз. Құрғақ күйде ұстаңыз.

Есту қабілетіңізді қорғаңыз

Есту қабілетінің ықтимал зақымдалуынан сақтау үшін, ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдамаңыз. Үндеткіш қолданыста болғанда, құрылғы құлақтың жанында болған кезде сақ болыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Сіздің телефоныңыз

Орам құрамында

- Constellation V телефоны
- Былғары телефонның жылжымалы корпусы
- Аймақтық тығыны бар қабырғалы зарядтау құрылғысы (AC-31)
- 1200 мм микро-USB кабелі (CA-209DV)
- 250 мм микро-USB кабелі (CA-210DV)
- Сымды стерео құлаққап
- Жылтырату матасы
- SIM картаны шығару құралы
- Жылдам іске қосу нұсқаулығы, кепілдік буклеті, түпнұсқалылық картасы және веб-торап ақпараттық картасын қамтитын қосымша бума

Орам құрамы жеке телефоныңызда пайдаланылған материалдар және жергілікті ережелерге сәйкес сәл ерекшеленуі мүмкін.

Мүмкіндіктер және пернелер

Алдыңғы жақ



1. Телефон динамигі
2. Алдыңғы камера
3. Vertu пернесі
4. SIM картаны салу құрылғысы
5. Сыртқы жарық сенсоры
6. Ескерту шамы
7. Навигация белгішелері: Артқа, басты бет және соңғы қолданбалар
8. Микрофон

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Артқы жақ



1. Жарық диодты жарқыл
2. Дыбыс деңгейін арттыру пернесі
3. Дыбыс деңгейін азайту пернесі
4. Қуат пернесі/экранды құлыптау пернесі
5. Шуды басу микрофоны
6. Үндеткіш
7. Негізгі камера

Жоғарғы жақ



1. Микро-USB қосқышы
2. Құлаққап қосқышы

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Артқа, басты бет және соңғы қолданбалар

Телефонды іске қосқан кезде телефонның алдыңғы жағындағы үш белгіше сенсорлы болады. Осы белгішелерді экрандар мен қолданбалар арасында ауысу үшін қолдануыңызға болады.



1. Back (Артқа)
2. Home (Басты бет)
3. Recent apps (Соңғы қолданбалар)

Алдыңғы экранға қайту үшін Back (Артқа) белгішесін түртіңіз.

Қолданбаны фондық режимге ауыстыру және басты экранға оралу үшін Home (Басты бет) белгішесін түртіңіз. Іздеу экранына өту үшін Home (Басты бет) белгішесін түртіңіз.

Ең жиі қолданылатын қолданбалар тізімін шолу үшін Recent apps (Соңғы қолданбалар) белгішесін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Антенна орналасулары

Антенналар пайдаланылғанда, антенна аймақтарына тимеңіз. Антенналарға тию байланыс сапасына әсер етіп, жұмыс кезінде жоғары қуат деңгейлеріне байланысты батареяның қызмет мерзімін төмендетуі мүмкін.



Құлаққап

Телефоныңызға қосылу үшін ұсынылған құлаққапты пайдаланыңыз. Баламалы түрде кез келген сыйысымды құлаққаптарды қосу мүмкін.



© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Дыбыс деңгейін өзгерту

Рингтон дыбысының деңгейін өзгерту немесе қоңырау шалу кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін дыбыс пернелерін басыңыз.

Сонымен бірге, музыка тыңдау не бейнелерді көру кезінде мультимедиа дыбысының деңгейін реттеу үшін дыбыс пернелерін қолданыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Жұмысты бастау

SIM-картаны енгізу

Constellation V телефоныңыз нано-SIM картасымен қолданылуға арналған. Дегенмен, микро-SIM картасын қолданғыңыз келсе, микро-SIM картасын салу құрылғысын Vertu бөлшек сауда дүкенінен алуға болады.

Маңызды: Үйлесімді емес нано-SIM картасын (немесе қосымша салу құрылғысындағы микро-SIM картасын) пайдалану карта не телефоныңызды зақымдап, картада сақталған деректі бүлдіруі мүмкін.

SIM картасы немесе телефоныңыздың зақымдалуын болдырмау үшін келесі қадамдарды мұқият орындаңыз:

1. Сату бумасында берілген SIM картаны шығару құралын алып, оның шетін SIM картаны салу құрылғысының сыртқы шетіндегі саңылауға енгізіңіз.



2. Құрылғы шығып кеткенше мұқият басыңыз және содан кейін картаны салу құрылғысы ұяшықтан толығымен шыққанша тартыңыз.



© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

3. SIM картаны төмен қаратып картаны салу құрылғысына орналастырыңыз.



4. Картаны салу құрылғысын ұяшыққа қарай орнына түскенше мұқият итеріңіз.

Телефонды зарядтау

Ішкі батареяны алғашқы пайдаланудың алдында белсендіру қажет және батареяның мүмкін толық зарядталмауына байланысты оны бұл сатыда зарядтау ұсынылады. Ұсынылған USB деректерді тасымалдау кабелін телефонның бүйіріндегі зарядтау портына қосыңыз. Кейін кабельдің басқа шетін Vertu негізгі зарядтау құрылғысының USB портына жалғаңыз.

Маңызды: Тек Vertu ұсынған зарядтау құрылғыларын, кабельдерін және аксессуарларын пайдаланыңыз.

Телефонда төмен зарядталу деңгейі көрсетілсе, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Ұсынылған қабырғалы зарядтау құрылғысын қабырға розеткасына қосып, микро-USB қосқышын телефоныңызға енгізіңіз.



© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

2. Батарея толығымен зарядталған кезде зарядтау құрылғысын телефоннан және кейін қабырға розеткасынан ажыратыңыз.

Ескертпе:

- Телефонды зарядталу барысында пайдалануға болады.
- Батарея заряды толығымен аяқталса, зарядталу индикаторы көрсетілгенше немесе қоңырау шалу мүмкін болғанша бірнеше минут қажет болады.

Батареяны USB арқылы зарядтау

Осымен қатар телефоныңызды компьютеріңізге USB кабелін пайдаланып жалғау арқылы зарядтауға болады.

Ескертпе: Телефоныңыз қабырғалы зарядтау құрылғысына жалғанған күйде жылдамырақ зарядталады.

Батареяның қызмет мерзімін ұзарту

Батареяның қызмет мерзімін ұзарту жайлы кеңестерді алу үшін 70-бетіндегі "Батареяның қызмет мерзімін ұзарту" бөлімін қараңыз.

Телефонды қосу немесе өшіру

Қосу: Телефон вибрациясы сезілмегенше Қуат пернесін басып ұстап тұрыңыз.

Өшіру: Қуат пернесін басып ұстап тұрыңыз да, **Power off (Қуатты өшіру)** пәрменін түртіңіз.

Телефоныңыз жауап қайтармайтын жағдайда оны қайтадан қосыңыз. Қайтадан қосу үшін телефон вибрациясы сезілмегенше Қуат және Дыбыс деңгейін азайту пернелерін бір мезгілді басып ұстап тұрыңыз. Бұл шамамен 10 секунд алуы мүмкін.

Ескертпе: SIM картасын алу және енгізудің алдында телефоныңызды әрқашан өшіруді ұмытпаңыз. Бұл қадам желілік байланыстың қалпына келтірілуіне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Сенсорлы экранның әрекеттері

Маңызды: Телефон экранының сырылуын болдырмаңыз. Экранға қалам, қарындаш немесе басқа да өткір заттарды қолданбаңыз.

Түрту

Экрандағы элементті таңдау үшін оны түртіңіз.



Түрту және ұстау

Элементті және онымен байланысты әрекеттерді таңдау үшін түртіп, ұстаңыз.



Сырғыту

Оларды түртіп, ұстаңыз және кейін саусағыңызды экран арқылы сырғытыңыз.



© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Жылжыту

Көріністер немесе тізімдер арқылы жылдам айналдырып өтіңіз.



Қысу немесе қос түрту

Екі саусағыңызды фотосурет немесе веб беті сияқты элементке орнатып, үлкейту үшін саусақтарыңызды бір-бірінен алшақтатыңыз немесе кішірейту үшін бір-біріне жақындатыңыз.

Немесе элементті үлкейту не кішірейту үшін екі рет түртіңіз.



Іске қосу қадамдары

1 Google™ тіркеу

Google тіркелгіңіз болмаса, тіркеу барысында оны жасау туралы сұрау беріледі. Google тіркелгісі Google Play™ және басқа Google қолданбаларына қол жеткізу мүмкіндігін беретіндіктен, тіркелу ұсынылады.

Жүйеге кіргеннен кейін барлық Gmail™ контактілері Constellation V телефоныңызбен синхрондалған кезде, ол пайдалану үшін дайын.

Gmail тіркелгіңізбен байланысты контактілер, электрондық пошта және күнтізбелерді көшіру үшін негізгі мәндерді ұсынады.

2 Vertu тіркеу

Жаңа Vertu тұтынушысы болсаңыз, Vertu тіркелгісін жасау туралы сұрау беріледі. Егер Vertu телефоныңыз бұрыннан болса, Vertu пайдаланушы аты мен құпиясөзді пайдаланып қолданыстағы тіркелгіңізге кіре аласыз.

Vertu тіркелуді аяқтау ерекше құқықтар және маңызды қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кеңес: Жоғары деңгейдегі қызметтерге жылдам қол жеткізу үшін Vertu пернесін басыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

3 Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)

Vertu ұсынған басқа қолданбаларды көру үшін, 22-беттегі "Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)" бөлімін қараңыз.

4 Контактілерді тасымалдау

Контактілерді телефоныңызға Gmail™ тіркелгіңіз немесе SIM картаңыздың көмегімен тасымалдаңыз.

Контактілерді тасымалдау туралы ақпаратты алу үшін 35 бетіндегі "Контактілерді тасымалдау" бөлімін қараңыз.

Телефонды құлыпталған кезінде пайдалану

Экранды құлыптан босату үшін Home (Басты бет) немесе Қуат пернесін басып, содан кейін түртіп, белгішесіне дейін жылжытыңыз.

Экранды не Қуат пернесін басу, не экранды тұрып қалу үшін қалдыру арқылы құлыптауға болады.

Экранның түрлі құлыптау түрлерін көру үшін 45 бетіндегі "Экран құлпы" бөлімін қараңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Зерттеу

Басты экран туралы

Басты экран барлық соңғы ақпаратпен қамтамасыз ету кезінде телефонындағы функциялардың шлюзі ретінде әрекет етеді.



1. Күй және хабарландыру жолағы
2. Виджет
3. Қолданбалар мәзірі
4. Таңдаулылар науасы

Күй және хабарландыру жолағы

Уақыт, желі сигналының күші және батарея деңгейінің индикаторы сияқты күй туралы ақпарат экранның жоғарғы оң жағында көрсетіледі.

Жаңа хабарламалар немесе күнтізбе тағайындаулары сияқты кез келген хабарландырулар экранның жоғарғы сол жағында көрсетіледі. Хабарландыруларды көру үшін жолақты түртіңіз де, төмен жылжытыңыз. Хабарландыруды ашу үшін, оны түртіңіз.

Сондай-ақ күй және хабарландыру жолағынан Wi-Fi, Bluetooth, GPS, мобильді деректер, USB байланысын жылдам басқаруға және опцияларды көрсетуге болады.

Күй және хабарландыру жолағын жабу үшін Басты бет пернесін басыңыз.

Кеңес: Хабарландыруды тізімнен жою үшін оны солға не оңға жылжытыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Күй және хабарландыру белгішелері

Желі (толық сигнал) (және Google Mobile қызметтеріне қосылған)

Желі (толық сигнал)

Желі жоқ

GPRS ақпараттық байланысы

Ескерту

H+ (ең жылдам деректер)

Батарея (толық заряд)

Батарея (зарядталуда)

Батарея (бос)

Белсенді қоңырау

Жауап берілмеген қоңырау

Жаңа дауыстық хабарлама

Күнтізбе еске салғышы

Жаңа SMS

Жаңа MMS

Жаңа чат

Жаңа электрондық пошта хабарламасы

Жаңа Gmail

Wi-Fi желісіне қосылған (және Google Mobile қызметтеріне қосылған)

Wi-Fi желісіне қосылған

Wi-Fi желісі қолжетімді

Bluetooth™ желісіне қосылған

Bluetooth байланысы үйлесімді aptX® аксессуарына қосылған

Bluetooth қосулы

GPS (орын табылды)

GPS (іздеуде)

USB қосылған

Жүктеп алу

Жүктеу

SD картасы дайындалуда

Фондық режимде деректерді синхрондау

Оятқыш орнатылған

Үнсіз

Вибрация

Ұшақ режимі қосулы

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Сағат виджеті

Басты экрандағы сағат виджеті келесі ақпаратты көрсетеді:

- Сандық күн индикаторы бар аналогтық сағат
- Келесі 12 сағатқа орнатылған дыбыстық сигналдар
- Сағат жиегінің айналасындағы күнтізбеден алынған бос және бос емес кезеңдер
- Жергілікті уақыт. Егер роуминг режимінде болсаңыз, сағатта жергілікті уақыт пен орналасқан жеріңіздің уақыты көрсетіледі.

Оятқышты орнату үшін сағаттың ортасын түртіңіз.

Кездесуді көрсету үшін сағаттың тиісті ширегін түртіп, содан кейін кездесуді ашу үшін ашылмалы мәзірді түртіңіз. Кездесуді өшіру үшін экранды түртіңіз.

Басты экранға виджеттерді қосу

Виджеттер - жаңалықтар, ауа райы болжамдары және хабарламалар сияқты нақты уақыттағы мазмұндармен қамтамасыз ететін қолданбалар.

Басты экранға виджеттерді қосу үшін:

1. Apps белгішесін түртіңіз де, экранның жоғарғы жағындағы **WIDGETS (ВИДЖЕТТЕР)** белгішесін түртіңіз.
2. Барлық виджеттерді көру үшін солға қарай жылжытыңыз.
3. Виджетті таңдау үшін оны басып тұрыңыз да, содан кейін басты экранға қарай жылжытыңыз.

Виджет мәзірінің опцияларын көру үшін виджетті ашыңыз да, басыңыз.

Calendar (Күнтізбе) сияқты белгілі виджеттердің өлшемін өзгерту үшін виджетті түртіп, ұстап тұрыңыз да, кейін жіберіңіз. Виджет белгіленеді және оны қажет өлшемге дейін жылжытып ауыстыруға болады.

Ескертпе: Google Play торабынан жүктелген қолданбалар оларға қатысты виджеттерді автоматты түрде жүктеуі мүмкін. Виджеттерді тексеру үшін Apps белгішесін түртіңіз және содан кейін **WIDGETS (ВИДЖЕТТЕР)** белгішесін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Таңдаулылар науасы

Таңдаулылар науасы басты экранның төменгі жағында орналасады. Оны таңдаулы қолданбаға жылдам қатынасу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбаны таңдаулылар науасынан жою үшін қолданбаны басып тұрыңыз және содан кейін экранның жоғарғы жағындағы **Remove (Алып тастау)** пәрменіне қарай жылжытыңыз.

Ескертпе: Таңдаулылар науасынан Apps жылдам теру пернесін жою мүмкін емес.

Қолданбаны таңдаулылар науасына қосу үшін Apps белгішесін түртіңіз. Қолданбаны басып тұрыңыз және таңдаулылар науасына жылжытыңыз.

Ұшақ режимі

Телефоныңыздағы барлық сымсыз байланыстарды өшіру үшін Қуат пернесін > **Aeroplane mode (Ұшу режимі)** пәрменін басып тұрыңыз.

Кеңес: Ұшақ режимі батарея қуатын сақтауға көмектеседі.

Дауыс әрекеттері

Дауыс әрекеттерінің көмегімен телефонға жай ғана сөйлеу арқылы оятқышты орнатуға, достарға қоңырау шалуға және басқа да әрекеттерді орындауға болады.

- **Дауыспен теру**: басты экраннан пәрменін түртіңіз де, содан кейін “Call” сөзін, ал содан кейін контакт атын не телефон нөмірін айтыңыз.
- **Дауыс пәрмендері**: басты экраннан пәрменін түртіңіз де, содан кейін "Open Calendar" сияқты пәрменді айтыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қолданбалар

Қолданбалар туралы

Constellation V телефоны пайдалы қолданбалардың кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қолданбаларға қол жеткізу үшін басты экрандағы Apps белгішесін түртіңіз. Барлық қолданбаларды көру үшін солға не оңға жылжытыңыз.

Қолданбалар экранын жабу үшін, Home (Басты бет) пернесін түртіңіз.

Ең соңғы рет қолданылған қолданбаларды көру үшін, Recent apps (Соңғы қолданбалар) пернесін түртіңіз.

Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)

> >

Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар) жылдам және қарапайым түрде қарап шығып, күнделікті қолданатын қолданбаларды орната алатын жалғыз және сенімді бағытпен қамтамасыз етеді. Көрсетілген қолданбаларды таңдау мүмкіндігі қолданбалар сізге қатысты екендігіне кепілдік бере отырып, сіздің еліңізге негізделіп таңдалған.

Google Play™

> >

Google Play Store қолданбасы сізге кез келген жағдайда көмектеседі.

Орнату қажет қолданбаны белгілеңіз және содан кейін **Install (Орнату)** пәрменін түртіңіз (қолданба тегін болса) немесе сатып алу үшін бағасын басыңыз. Орнатылған кезде, жаңа қолданба қолданбалар экранында көрсетіледі.

Жүктелген қолданбалар тізімін көру үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Apps (Қолданбалар)** пәрменін түртіңіз. Жүктелген қолданбалар тізімі көрсетіледі және осы қолданбаларды қайтадан жүктеуге болады.

Дерек қолданысын үнемдеу үшін және тек Wi-Fi арқылы қолданбаларды жаңарту үшін, Apps > **Play Store** > > **Settings (Параметрлер)** > **Auto-update apps (Қолданбаларды автоматты түрде жаңарту)** > **Auto-update over Wi-Fi only (Wi-Fi арқылы ғана автоматты жаңарту)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Маңызды: Қолданбаларды сенімді тораптардан мұқият түрде таңдаңыз немесе Vertu бойынша ұсынылған қолданбаларды қолдануыңызға болады. 23-беттегі "Қолданбалар туралы сақтық кеңес" бөлімін және 22-беттегі "Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)" бөлімін қараңыз.

Қолданбаны сатып алу сіздің Google тіркелгіңізге байланысты және кез келген құрылғыға уақыт шектеуінсіз орнатуға болады. Сондықтан, мысалы, жадты сақтау үшін 'Менің сүйікті ойыным' пәрменін алып тастасаңыз, оны кейінірек "Менің қолданбаларым" параметріне кіру арқылы артық төлемсіз қайта орната аласыз. Менің қолданбаларым бойынша қосымша ақпарат үшін, 24-беттегі "Қолданбаларды басқару және қалпына келтіру" бөлімін қараңыз.Сонымен қатар, қолданбаларды play.google.com сайтындағы Менің Android™ қолданбаларым бөлімінен қайта орнатуға болады.

Қолданбалар туралы сақтық кеңес

Сіздің телефоныңызды шпиондық бағдарлама, фишинг немесе вирустар қаупінен қорғау үшін, қолданбаларды мұқият таңдау маңызды болып табылады. Vertu ұсынған қауіпсіз қолданбалар үшін, 22-беттегі "Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)" бөлімін қараңыз.

- Кейбір қолданбалар телефоныңыздың жадын және батареясын басқаларға қарағанда көбірек тоздырады. Егер қолданба сіздің телефоныңызды тоздырып жатқандығын білсеңіз, оны жойып тастаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, 24-беттегі "Қолданбаларды жою" бөлімін қараңыз.
- Google Play торабында Android қолданбаларын алудың алдында, бағалаулар мен аңғартпаларды тексеріңіз. Егер қолданбаның заңдылығына сенімді болмасаңыз, оны орнатпаңыз.
- Кейбір қолданбалар балалар үшін орынсыз мазмұнды қамтуы мүмкін.

Қолданбаларды жаңарту

Телефондағы Google Play™ қолданбасын жаңарту туралы сымсыз хабарлама алсаңыз, жаңарту бағдарламасын жүктеп алу және орнату үшін нұсқауды орындауыңызға болады немесе хабарламаны қабылдамауды таңдауыңызға болады.

Қолданбаны орнатқан кезде, **Allow automatic updating (Автоматты жаңартуды қосу)** параметрі көбінесе әдепкі бойынша белсендіріледі. Осы параметрді өзгерту үшін, Apps > **Play Store** > **Settings (Параметрлер)** > **Auto-update apps (Қолданбаларды автоматты түрде жаңарту)** пәрменін түртіңіз.

Кеңес: Дерек қолданысын үнемдеу үшін және тек Wi-Fi арқылы қолданбаларды жаңарту үшін, Apps > **Play Store** > > **Settings (Параметрлер)** > **Auto-update apps (Қолданбаларды автоматты түрде жаңарту)** > **Auto-update over Wi-Fi only (Wi-Fi арқылы ғана автоматты жаңарту)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қолданбаларды басқару және қалпына келтіру

Қолданбаларды басқару үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Apps (Қолданбалар)** > **All (Барлығы)** пәрменін түртіңіз.

Қолданба туралы (кіру рұқсаттары және файл көлемі сияқты) мәліметтерді көру үшін қолданбаны түртіңіз және содан кейін деректерді тоқтату, жою немесе тазалау үшін қолданбаны шақыру сияқты опцияларды таңдау үшін түртіңіз.

Google Play Store бағдарламасынан алдын ала орнатылған қолданбаларды қалпына келтіру үшін, Apps > **Play Store** > > **My apps (Менің қолданбаларым)** пәрменін түртіңіз. Жүктелген қолданбалар тізімі көрсетіледі және осы қолданбаларды қайтадан жүктеуге болады.

Қолданбаларды жабу

Қолданбаны жабу үшін, Home (Басты бет) белгішесін түртіңіз.

Қолданбалардың көбісі оларды жапқаннан кейін, фондық режимде орындалуды жалғастырады. Ең соңғы рет қолданылған қолданбаларды жылдам ашу үшін, Recent apps (Соңғы қолданбалар) пернесін түртіңіз.

Кеңес: Қолданбаларды осы тізімнен алып тастау үшін, сол немесе оңға қарай жылжытыңыз.

Қолданбаларды жою

Қолданбаларды жою үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Apps (Қолданбалар)** > қолданба аты > **Uninstall (Жою)** пәрменін басыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Vertu қызметтері

Vertu қызметтері туралы

Жеке Vertu жұмысыңыз тіркеуден басталады. Сәтті түрде тіркелгеннен кейін, Vertu Key (Vertu түймешігі) пернесін басу арқылы артықшылықтар мен басымдықтарға қол жеткізе аласыз.

Vertu Life

Тәжірибелер мен оқиғалар рұқсатына ие болудың ерекше мүмкіндігіне қол жеткізіңіз. Бұл сіз үшін біздің сараптама және әрекетіміздің көмегімен таңдалады.

Телефоныңыз арқылы динамикалық түрде жеткізілетін Гонконгтағы парламентарий клубына, Чемпиондар лигасының финалына, Оскар сыйлығының ашылу салтанатына кірудің ерекше рұқсатына ие болыңыз.

Осыған дейін Vertu Life қолданбасында ұсынылған мазмұн қызығушылықтарыңызға сай жасалады. Қолданба арқылы сіздің қызығушылықтарыңыз кіретін профильді баптай аласыз. Осы дербестендіру Vertu Life қолданбасына кірген кезде көрінетін мазмұнды кеңейтеді.

Vertu World View қолданбасы Vertu Life қолданбасының ерекше әлемін сіздің қолыңызға береді. Саусақпен түрту Vertu Life қолданбасы ұсынатын әдемілікті зерттеу үшін жер шарының кез келген жеріне оймен саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Vertu Certainty

Vertu Certainty қызметінің мақсаты - сізді, телефоныңызды және деректеріңізді қорғау. Certainty қолданбасы үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ете отырып, Protector Services Group серіктестігімізді қолдайды. PSG ішінде ұсынылған жеке қызметтерді пайдаланып көріп, қазіргі таңдағы мемлекетке байланысты қауіпсіздік ескертулеріне қол жеткізе аласыз және жеке қауіпсіздік қажеттіліктеріңізді талқылау үшін PSG сарапшысынан қайта қоңырау шалу сұрауын тікелей жібере аласыз.

Екінші бөлім телефон туралы. Мұнда онлайн пайдаланушы нұсқаулығын, соның ішінде жиі қойылатын сұрақтар мен телефонды күту туралы ақпаратты оқуға болады немесе кез келген қосымша қолдау алу мақсатында қоңырау шалу не электрондық хат жіберу үшін Vertu Customer service (Тұтынушыны қолдау қызметі) қызметіне жылдам қол жеткізе аласыз.

Vertu Customer service (Тұтынушыны қолдау қызметі) қызметіне қоңырау шалып, Vertu тарапынан келісіміңіз бар екендігі расталған жағдайда Remote Assist қызметі Constellation V қашықтан қол жеткізу үшін Техникалық қолдау тобын белсендіреді. Бұл қызмет телефоныңызды баптау немесе пайдалану кезінде көмек беру үшін енгізілген. Осы қызметті пайдаланғыңыз келсе Vertu Customer service (Тұтынушыны қолдау қызметі) хабарласыңыз. Қолданбаның бұл бөлімінде кепілдігіңіздің күйін көруге болады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Certainty қолданбасының соңғы бөлімі деректеріңізді сақтау туралы. Қолданбада графикалық түрде пайдаланылған ішкі деректер жады мен Google Drive™ бұлттық деректер жадының көлемі көрсетіледі. Сондай-ақ, мұнда Google Drive бұлттық деректер қолданбасын қосуға арналған жедел сілтеме бар. Осымен қатар, мұнда вирустардан және зиянды бағдарламалардан қорғау, қашықтан құлыптау/бақылау және жою, деректердегі түрлі элементтерінің сақтық көшірмесін жасау сияқты басқа да қорғау мәселелерінде қолдау көрсету үшін Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар) бөлімінің сілтемесі бар.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Мәтін енгізілімі

Пернетақта енгізілімі

Сенсорлы экранды ашу үшін, мәтінді енгізу өрісін түртіңіз. Мәтінді енгізу үшін, пернетақтадағы әріптерді түртіңіз. Пернетақта еліңіздегі жергілікті мәтінді енгізу пішімінде көрсетіледі, мысалы, кітаптық және альбомдық режимдердегі QWERTY.

Кеңес: Пернетақтаны альбомдық режимде пайдалану оңайырақ болуы мүмкін.



1. Мәтін терезесі
2. Shift пернесі
3. Сандар мен таңбаларға арналған пернетақта
4. Мәтінді айтып жаздыру
5. Space (Бос орын)
6. Delete (Жою)

Мәтінді қиып алу, көшіру және қою

Мәтін бөлімін белгілеу үшін түртіп, басып тұрыңыз. Белгіленген мәтін жиектерін көрсететін қойындылар пайда болады. Осы қойындыларды белгіленген мәтінді кішірейту немесе үлкейту үшін жылжытыңыз және содан кейін қиып алу немесе көшіру үшін немесе белгішесін түртіңіз. (Опцияларыңызды көру үшін, альбомдық көрініс күйінде **Edit (Өңдеу)** түртіңіз.) Мәтінді қою үшін, оны қою қажет орынды түртіңіз және пайда болған қойындыны түртіңіз. Содан кейін **Paste (Енгізу)** опциясын түртіңіз.

Болжалды мәтін

Болжалды мәтінді енгізу жаңа сөздерді қосуға болатын алдын ала орнатылған сөздікке негізделеді. Бұл барлық тілдерде қолжетімді болмайды және әдепкі параметрі бойынша белсенді болады. Сөзді енгізе бастағанда, телефон мүмкін болатын сөздерді таңдау үшін ұсынады. Дұрыс сөз көрсетілген кезде оны түртіңіз. Сөз сөздікте болмаған жағдайда, телефон сөздіктен баламалы сөзді ұсынады. Сөздікке жаңа сөзді қосу үшін, терілген сөзді түртіңіз.

Кеңес: Тыныс белгілерінің мәзірін көру үшін, толығымен тоқтату пернесін түртіп, ұстап тұрыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қимылмен мәтінді теру

Көптеген тілдер үшін, пернетақта бойымен саусағыңыздың басын жылжыту арқылы сөздерді теруге мүмкіндік береді. Пернелер арасында жылжыту кезінде, сіздің қимылдарыңыз пернетақта бойымен көк түсті жол арқылы қадағаланып, сіз терген сөз пернетақтаның үстіңгі жағындағы жолақ ортасында пайда болады. Сөзді аяқтап, бос орынды енгізу үшін, саусағыңызды көтеріңіз. Телефон автоматты түрде сөздер арасына бос орындарды енгізеді.

Сөздіктер

Сөздіктерді көру үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Language & input (Тіл және енгізу)** > **Personal dictionaries (Жеке сөздіктер)** пәрменін басыңыз.

Сөздікке сөздерді қосу үшін **+** түртіңіз.

Пернетақта тілін таңдау

Пернетақта тілін ауыстыру үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Language & input (Тіл және енгізу)** түртіңіз және **KEYBOARD & INPUT METHODS (ПЕРНЕТАҚТА ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ)** ішінен басқа опцияны таңдаңыз.

Ескертпе: Пернетақтаның қолжетімді опциялары тіл таңдауына байланысты өзгереді.

Пернетақта тілін өзгертсеңіз және жаңа тілге арналған емле тексерісін қолдану қажет болса, қосымша пернетақта сөздігін орнатуыңыз қажет. **KEYBOARD & INPUT METHODS (ПЕРНЕТАҚТА ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ)** астындағы, (**Google Keyboard (Google пернетақтасы)**) > **Add-on dictionaries (Сөздіктерді қосу)** > берілген сөздік опциясы > **Install (Орнату)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қоңыраулар

Қоңыраулар туралы

> >



1. Нөмір тергіш
2. Соңғы қоңыраулар
3. Контактілер
4. Қоңырау шалу
5. Опциялар мәзірі
6. Іздеу

Қоңырау шалу және жауап беру

Қоңырау шалу үшін:

1. Apps (Қолданбалар) > **Phone (Телефон)** пәрменін түртіп, нөмір тергішке телефон нөмірін енгізіңіз.
2. Қоңырау шалу үшін, белгішесін түртіңіз.

   Ескертпе: Халықаралық қоңыраулар үшін қолданылатын + белгісін енгізу үшін, **0** белгішесін басып тұрыңыз.
3. Қоңырауды аяқтау үшін, белгішесін түртіңіз.

Кеңес: Басты беттен дауыспен нөмір теру үшін, белгішесін түртіп, “Call” (“Қоңырау шалу”) деп, содан кейін контакт атын айтыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қоңырауға жауап беру үшін, белгішесін түртіп, белгішесіне қарай жылжытыңыз.

- Кіріс қоңырауын дауыстық поштаға жіберу үшін, белгішесін түртіп, белгішесіне дейін жылжытыңыз.
- Қоңырау шалушыға автоматты мәтін хабарламасын жіберу үшін белгішесін түртіп, белгішесіне қарай тартыңыз және содан кейін сәйкес келетін хабарламаны таңдаңыз.
- Кіріс қоңырауының дыбысын өшіру үшін, Қуат пернесін немесе Дыбыс пернелерін басыңыз.

Соңғы терілген нөмірге қоңырау шалу

Қоңыраулар журналы сіз жасаған және қабылдаған қоңыраулар туралы ақпаратты көрсетеді. Бұл егер әлдекім қоңырауға жауап бермесе, оған қайта қоңырау шалуды жеңілдетеді. Қоңыраулар журналына оңай кіріп, нөмірді жылдам алуға болады.

Басты экраннан **Phone (Телефон)** > пәрменін түртіңіз:

- Нөмірге қоңырау шалу үшін, контактінің жанындағы телефон белгішесін түртіңіз.
- Қоңырау туралы мәліметтерді көру үшін, контактіні түртіңіз.
- Тізімді тазалау үшін, **Clear call log (Қоңыраулар журналын босату)** (Қоңыраулар журналын тазарту) түртіңіз.

Таңдаулыларға жылдам қоңырау шалу

Ең жиі қоңырау шалынатын контактілерге жылдам қоңырау шалу үшін, басты экраннан **People (Адамдар)** > пәрменін түртіңіз.

- Мәтінді, электрондық поштаны шақыру үшін немесе контакт туралы ақпаратты көру үшін, контактті түртіңіз.
- Контактіні өңдеу, ортақ пайдалану не жою үшін немесе контактіге арналған рингтонды орнату үшін, контактіні түртіп, содан кейін белгішесін басыңыз.
- Жиі қоңырау шалынатын контактілер тізімін тазарту үшін, тізімді көрсетіп > > **Clear frequents (Жиі қолданылатын объектілерді өшіру)** пәрменін түртіңіз.

Дауыстық поштаны тыңдау

Кіріс қоңырауларының бағытын дауыстық поштаға бұруыңызға болады (желілік қызмет). Сонымен қатар, мысалы, сіз қоңырауға жауап бермеген кезде, адамдар сізге хабар қалдыра алады.

Дауыстық пошта хабарларын тыңдау үшін, басты экрандағы **Phone (Телефон)** пәрменін түртіп, содан кейін нөмір тергіштегі **1** белгішесін басып тұрыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қоңырауларды басқа нөмірге аудару

Егер қоңырауларға жауап беру мүмкін болмаса, кіріс қоңырауының бағытын басқа телефон нөміріне бұруыңызға болады.

Басты экраннан **Phone (Телефон)** > > **Settings (Параметрлер)** > **Call forwarding (Қоңырауларды басқа нөмірге аудару)** пәрменін түртіңіз.

Forward when busy (Желі бос болмағанда аудару) және **Forward when unanswered (Жауап берілмегенде аудару)** сияқты бірнеше қоңырау бағытын бұру опциялары бір уақытта белсенді бола алады.

Ескертпе: Қоңырау бағытын бұру желілік қызмет болып табылады. Қосымша ақпарат алу үшін, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Конференция қоңырауын жасау

Конференция қоңырауын жасау:

1. Бірінші нөмірге қоңырау шалыңыз.
2. Қоңырау байланысқаннан кейін, түртіңіз.
3. Келесі нөмірді теріңіз немесе контактілер не таңдаулылар тізімінен таңдаңыз.
4. Келесі нөмір жауап берген кезде, **Merge calls (Қоңырауларды біріктіру)** белгішесін түртіңіз.

Ескертпе: Конференция қоңыраулары желілік қызмет болып табылады. Қосымша ақпарат алу үшін, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Контактілер

Контактілер туралы

Контактілер арқылы достарыңыздың телефон нөмірлерін, мекенжайларын және басқа да байланыс ақпараттарын сақтап, енгізе аласыз.

> >



1. Топтар
2. Адамдар
3. Таңдаулылар
4. Контактіні қосу
5. Опциялар мәзірі
6. Іздеу

Контактілерге қоңырау шалу, хабарлама немесе электрондық хат жіберу

> >

Контактіге қоңырау шалу үшін контактіні түртіп, содан кейін телефон нөмірін түртіңіз.

Контактіге хабарлама жіберу үшін, контактіні түртіп, содан кейін белгішесін түртіңіз.

Контактіге электрондық хат жіберу үшін, контактіні түртіңіз және содан кейін электрондық пошта мекенжайын түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Контактілерді қосу

> > >

1. Контактінің сақтық көшірмесін жасау үшін тіркелгіні таңдаңыз.

   Ескертпе: Егер тіркелгіні Google немесе электрондық пошта тіркелгісі ретінде орнатсаңыз, контакт тек телефон жадында сақталады.

2. Контакт туралы мәліметтерді енгізіңіз және содан кейін **DONE (ДАЙЫН)** параметрін түртіңіз.

Кеңес: Тіркелгіге жаңа контакттің сақтық көшірмесін жасау сол тіркелгіде оны синхрондайды.

Контактілерді біріктіру

Егер бір адамға арналған телефонда сақталған Gmail контактісі сияқты, екі немесе одан да көп контактілер болса, оларды біріктіруге болады.

Apps > **People (Адамдар)** > контакт аты > > **Edit (Өңдеу)** > > **Join (Біріктіру)** пәрменін түртіңіз және содан кейін біріктіру қажет контактіні түртіңіз.

Контактіні өңдеу немесе жою

Контактіні өңдеу немесе жою үшін, Apps > **People (Адамдар)** > контакт аты > > **Edit (Өңдеу)** немесе **Delete (Жою)** пәрменін түртіңіз.

Қоңыраудағы немесе хабардағы нөмірді сақтау

Контактілер тізімінде телефон нөмірі сақталмаған адамнан қоңырау немесе хабарламаны қабылдаған кезде, нөмірді жаңа немесе бұрыннан бар контактілер тізімінің енгізілімінде сақтауыңызға болады.

Қабылданған қоңыраудағы нөмірді сақтау үшін:

1. Басты экрандағы **Phone (Телефон)** > пәрменін түртіңіз:
2. Қоңырау енгізілімін түртіңіз және содан кейін белгішесін түртіңіз.
3. **CREATE NEW CONTACT (ЖАҢА КОНТАКТ ЖАСАУ)** параметрін түртіңіз және содан кейін контакт туралы мәліметтерді енгізіңіз.
4. **DONE (ДАЙЫН)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қабылданған хабарламадағы нөмірді сақтау үшін:

1. Басты экрандағы Apps > **Messaging (Хабар жіберу)** пәрменін түртіңіз.
2. Хабарлама енгізілімін түртіңіз және содан кейін > **Add to People (Адамдар тізіміне қосу)** белгішесін түртіңіз.
3. **CREATE NEW CONTACT (ЖАҢА КОНТАКТ ЖАСАУ)** параметрін түртіңіз және содан кейін контакт туралы мәліметтерді енгізіңіз.
4. **DONE (ДАЙЫН)** пәрменін түртіңіз.

Контактілерді таңдаулылар ретінде белгілеу

Егер контактілерді таңдаулылар ретінде белгілесеңіз, маңызды контактілерді жылдам тауып, қоңырау шалуыңызға болады.

- Контактіні таңдаулы ретінде белгілеу үшін, > > > контакт > түртіңіз. Жұлдызша көк түстен ақ түске өзгереді. Контактіні таңдаулылардан алу үшін, ақ түсті жұлдызшаны түртіңіз.
- Таңдаулылар тізімін көру үшін, > > белгішелерін түртіңіз.

Ескертпе: Таңдаулы контактілер экраны сіздің ең жиі байланыста болатын адамдарыңыздың тізімін де қамтиды.

- Жиі байланысатын контактілер тізімін тазарту үшін, таңдаулылар тізімін көрсетіп > > , **Clear frequents (Жиі қолданылатын объектілерді өшіру)** пәрменін түртіңіз.

Контактілерді дербестендіру

Контактілер үшін жеке суреттер мен рингтондарды орнатыңыз.

> >

Суретті қосу үшін, контакт > > **Edit (Өңдеу)** > пәрменін түртіңіз.

Рингтонды қосу үшін, контакт > > **Set ringtone (Рингтон орнату)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Контактілерді тасымалдау

Constellation V телефонына контактілерді Gmail™ тіркелгісі немесе SIM карта арқылы тасымалдауға болады.

Gmail

Comma Separated Values (.csv) мәтіндік файлына контактілерді тасымалдауыңызға болады. Осы файлды Gmail тіркелгісіне импорттағаннан кейін, ол автоматты түрде сіздің телефоныңызбен синхрондалады (Gmail тіркелгісі бапталған жағдайда).

1. Алдыңғы телефоныңыздағы контактілерді .csv файлына экспорттаңыз. Экспорттау туралы ақпаратты алу үшін алдыңғы телефоныңызбен бірге ұсынылған пайдаланушы құжаттамасын қараңыз.
2. Компьютердегі Gmail тіркелгіңізге кіріп, **Контактілер** > **Контактілерді импорттау** параметрін басыңыз.
3. **Шолу** түймешігін басып, сіз жасаған csv файлын басыңыз.
4. **Контактілерді импорттау** параметрін басыңыз.

Маңызды: Контактілерді Gmail тіркелгісі арқылы синхрондау дегеніміз контактілердің сақтық көшірмесі болатынын білдіреді.

SIM карта

Ескі телефонда сақталған контактілерді SIM картаға экспорттау жөнінде мәліметтер алу үшін, алдыңғы телефонмен бірге берілген пайдаланушы құжаттамасына қараңыз.

Содан кейін, SIM картада сақталған осы контактілерді Constellation V телефонына импорттау үшін, Apps > **People (Адамдар)** > > **Import/export (Импорт/экспорт)** > **Import from SIM card (SIM картасынан импорттау)** пәрменін түртіңіз.

Ескертпе: SIM карта арқылы контактілерді тасымалдау кейбір контактілер дерегінің жоғалуына алып келуі мүмкін.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Хабар және электрондық хат жіберу

Хабар жіберу туралы

> >

Хабарлардың көптеген түрлерін жіберуге және қабылдауға болады:

- Мәтіндік хабарлар
- Фото, бейне және дыбыстық файлдарды қамтитын мультимедиялық хабарлар

Хабарларды жіберу және оқу

> > >

Хабар жіберу үшін:

1. Қабылдаушыны енгізіп, хабарды теріңіз. **Insert smiley (Көңіл-күй белгішесін қосу)** немесе **Add subject (Тақырыпты қосу)** үшін пәрменін түртіңіз.

   Ескертпе: Бірнеше қабылдаушыларға хабар жіберу үшін **To** өрісіне бірнеше контакт қосыңыз.

2. Хабарыңызды жіберу үшін белгішесін түртіңіз.

Мәтіндік хабар мен алдындағы әңгімені ашу үшін, оны түртіңіз.

Мәтіндік хабарға жауап беру үшін, оны ашып, төменгі жақтағы мәтін терезесіне жауабыңызды енгізіңіз және белгішесін түртіңіз.

Хабарды топқа жіберу

> > >

Хабар жіберу үшін:

1. Қабылдаушыларды енгізіп, хабарды теріңіз.

   Ескертпе: Топқа хабар жіберу үшін әрбір тұлғаны қосу қажет.

2. Хабарыңызды жіберу үшін белгішесін түртіңіз.

Жедел хабарлар

> >

Жедел хабарларды жіберу немесе алу үшін, Google Hangouts™ пайдалануға болады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Хабарларды басқару

> >

Хабарды жою мақсатында, оны таңдау үшін түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін төменгі жақтағы себетті түртіңіз.

Хабарламаны жіберу опцияларын ауыстыру үшін, Apps > **Messaging (Хабар жіберу)** > > **Settings (Параметрлер)** пәрменін түртіңіз.

Корпоративтік электрондық поштаны орнату

Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Add account (Тіркелгіні қосу)** пәрменін түртіңіз. Microsoft™ Exchange серверіндегі жұмыстың электрондық пошта тіркелгілері үшін **Corporate (Корпоративтік)** параметрін таңдаңыз. АТ әкімшісінен алған мәліметтерді енгізіңіз.

Кеңес: Пайдаланушы атын және құпия сөзді енгізіңіз. Сізге домен немесе сервер аттарын енгізуді ұсыну мүмкін. Мәліметтерді алу үшін АТ әкімшісімен хабарласыңыз.

Электрондық пошта тіркелгілеріңіздегі хабарларды оқып, оларға жауап беру үшін, Apps > **Email (Электрондық пошта)** белгішелерін түртіңіз.

- Жаңа хабар жазу үшін, белгішесін түртіңіз. Хабарды енгізіңіз және электрондық хат жіберу үшін пәрменін түртіңіз.
- Хабарды оқу үшін, оған кіріс поштасынан түртіңіз.
- Барлығына жауап беру үшін немесе электрондық хатты бағыттау үшін, пәрменін түртіңіз.
- Поштаны қолмен жаңарту үшін, белгішесін басыңыз.
- Электрондық пошта тіркелгілерін ауыстыру немесе пошта ішіндегі басқа қалталарды көру үшін, белгішесін түртіңіз.

Кеңес: Жаңа электрондық поштаңыз болған кезде күй жолағында белгішесі пайда болады.

Signature (Қолтаңба), **Sync Email (Электрондық поштаны синхрондау)** және **Remove account (Тіркелгіні жою)** сияқты опцияларды көру үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** пәрменін түртіп, тіркелгіңізді таңдаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Google поштасын орнату

Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Add account (Тіркелгіні қосу)** пәрменін түртіңіз. Gmail тіркелгілері үшін **Google** параметрін таңдаңыз. Тіркелгі туралы толық мәлімет алу үшін, Gmail қызметіне хабарласыңыз.

Gmail тіркелгілеріндегі хабарламаларды оқып, оларға жауап беру үшін, Apps > **Gmail** пәрменін түртіңіз.

Элементті жою үшін, оны басқа белгіге жылжыту үшін, немесе оны оқылмаған, не маңызды ретінде белгілеу үшін, белгі ішіндегі элементті түртіп, ұстап тұрыңыз.

- Жаңа хабар жазу үшін, белгішесін түртіңіз. Хабарды енгізіңіз және электрондық хат жіберу үшін пәрменін түртіңіз.
- Барлығына жауап беру үшін немесе электрондық хатты бағыттау үшін, пәрменін түртіңіз.
- Хабарды оқу үшін, оған кіріс поштасынан түртіңіз.
- Поштаны қолмен жаңарту үшін, > Refresh (Жаңарту) белгішесін басыңыз.
- Пошта ішіндегі басқа қалталарды көру үшін, белгішесін басыңыз.

Жеке электрондық поштаны орнату

Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Add account (Тіркелгіні қосу)** пәрменін түртіңіз. Жеке электрондық пошта тіркелгілері үшін **Email (Электрондық пошта)** параметрін таңдаңыз. Шот туралы толық мәлімет алу үшін, шот провайдеріне хабарласыңыз.

Электрондық пошта тіркелгілеріңіздегі хабарларды оқып, оларға жауап беру үшін, Apps > **Email (Электрондық пошта)** белгішелерін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Музыка

Музыка туралы

Google Play Music қолданбасы ағымдағы музыка топтамасын тыңдауға және Google Play Store бойынша қосымша музыканы сатып алуға мүмкіндік береді.

Music Manager жұмыс үстелінің қолданбасы Play Music қызметінің потенциалын құлыптан босата отырып, музыка топтамасын бұлт жадына көшіретін қарапайым жолмен қамтамасыз етеді. Қолданба iTunes® кітапханасындағы файлдары кіретін музыка файлдары үшін компьютерді сканерлейді және Play Music ішінде сіз үшін қолжетімді болатын кез келген анықталған әуендер мен альбомдарды жасайды. Егер топтамаңыздағы музыка Google Play Store бағдарламасындағы музыкаға сәйкес келсе, деректерді тасымалдау уақытын сақтай отырып, әуендерді жүктеудің қажеті де болмайды.

Музыка бұлт жадында болған кезде, оған Google.com сайтына қосылатын кез келген компьютерден немесе кез келген Android телефоны арқылы немесе Play Music қолданбасы орнатылған планшет арқылы қол жеткізуге болады.

Әуенді Play Music бағдарламасы арқылы Constellation V телефоныңызда бірінші рет тыңдаған кезде, ән телефонда кештеледі. Осылайша, уақыт өткеннен кейін, мысалы сіз аэропланда саяхаттаған кезде, таңдаулылар дербес режимде тыңдау үшін автоматты түрде қолжетімді болады.

Ескертпе: Music Manager қолданбасы мен музыканы Google Play Store қызметінен тек кейбір дүкендерден сатып алуға болады.

Қолдау көрсетілетін файл түрлері

Constellation V телефоныңыз келесі аудио файл пішімдерін ойнатады: AMR, WB-AMR, AAC, AAC+, MP3, MP4, WAV, AU, WMA(10), M4A, OGG, EVRC, EVRC-B және EVRC- WB/NB.

Әндерді немесе альбомдарды Play Music қолданбасына қосу

Музыканы телефонда тыңдауға арналған екі опция бар. Телефонда сақталған музыка файлдарын тыңдай аласыз немесе Play Music бұлт жадында сақталған онлайн кітапханасындағы музыканы тыңдауыңызға болады.

Музыканы Google Play Music бұлт жадына қосу үшін

1. **Өзіңіздің Google Play музыка кітапханаңызға тіркеліңіз**: Жұмысты бастау үшін, Google Play жүйесіне тіркеліп, iTunes музыка кітапханасынан топтаманы немесе компьютердегі кез келген музыка қалтасын бұлт жадына жүктеуге мүмкіндік беретін жұмыс үстелінің қолданбасы, Music Manager қолданбасын жүктеп алыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

2. **Топтамаңызды жүктеңіз**: Music Manager қолданбасына кіріп, музыканы сақтау орнын таңдаңыз. Содан кейін Music Manager қолданбасы жүктеуді автоматты түрде бастайды. Жаңа музыканы компьютеріңізге қосқан кезде, Music Manager бағдарламасы оны кітапханаңызға да автоматты түрде қосады. Music Manager бағдарламасы таңдаулыларды бірден тыңдай алатындай етіп, iTunes ойнату тізімдері мен рейтингтерін де қосады.
3. **Интернеттегі және телефондағы музыкаға кіріңіз**: Play Music музыка кітапханасын орнатқаннан кейін, оған Constellation V, кез келген Android телефоны не планшеті немесе интернет бойынша кіре аласыз. Тіркеліңіз және содан кейін барлық музыка ойнатылуға дайын болады.

Музыканы тек Constellation V телефонына қосу үшін

Музыканы компьютерге жүктеп, содан кейін оны телефонға жүктеу үшін келесілер қажет:

- Microsoft™ Windows™ компьютері немесе Apple Macintosh™ компьютері
- USB дерек кабелі

Ескертпе: Телефонды алғаш рет қосқан кезде, компьютер драйверлер орнатылып жатқандығы жайлы ескертеді. Келесі қадамдарды жалғастырмас бұрын, драйвердің орнатылуын аяқтаңыз.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз.
2. Басты экрандағы күй жолағында белгішесі пайда болғандығын тексеріңіз.
3. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** параметрін түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** құсбелгісі таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
4. Компьютердегі телефоныңызды көрсететін алынбалы дискке өтіп, ішкі жадты ашыңыз.
5. Файлдарды компьютер және 'Музыка' қалтасы арасында тасымалдаңыз.
6. Аяқтаған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.

Constellation V телефоны арқылы жаңа музыканы сатып алу үшін

Жаңа альбомдар немесе әуендерді сатып алу үшін телефоныңызда мына қадамдарды орындаңыз:

1. Google Play Store қолданбасына барыңыз.
2. 'Music' (музыка) жылдам теру пернесін түртіңіз.
3. Таңдау жасау үшін және сатып алу үшін, қолданбадағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Музыканы ойнату

Музыканы ойнату үшін әнді немесе ойнату тізімін түртіңіз.

Музыка ойнатқышының басқару элементтері

- Ойнату немесе тоқтата тұру немесе пәрменін түртіңіз.
- Алдыңғы немесе келесі әнді таңдаңыз: немесе пәрменін түртіңіз.
- Алға айналдыру немесе кері айналдыру: орындау жолын түртіңіз және ұстап тұрыңыз, содан кейін алға немесе артқа қарай апарыңыз.
- Кездейсоқ ретпен ойнатуды қосу немесе өшіру: пәрменін түртіңіз.
- Барлығын қайталау функциясын қосу немесе өшіру: пәрменін түртіңіз.
- Дыбыс деңгейін реттеу: телефонның бір жағындағы дыбыс пернесін басыңыз.
- Музыканың басты экранына өту: экранның жоғарғы сол жағындағы белгішесін басыңыз.
- Әнді ойнату тізіміне қосу: ән ойнап жатқан кезде, > **Add to playlist (Ойнату тізіміне қосу)** > ойнату тізімінің атын түртіңіз.
- Әнді жою: музыка кітапханасынан жою қажет ән қасындағы белгішесін түртіп, содан кейін **Delete (Жою)** параметрін түртіңіз.

Ойнату тізімдері

Әнді музыка кітапханасынан ойнату тізіміне қосу үшін, белгішесін түртіп, содан кейін **Add to playlist (Ойнату тізіміне қосу)** параметрін түртіңіз. Қолданыстағы ойнату тізімін таңдаңыз немесе **New playlist (Жаңа ойнату тізімі)** пәрменін түртіңіз.

Музыка ойнатқышын жасыру

Home (Басты бет) белгішесін түртіңіз. Музыка ойнауды жалғастырып, күй және хабарламалар жолағынан белгішесін көресіз. Музыка ойнаған кезде басқа қолданбалармен жұмыс істеуді жалғастыруға болады.

Күй және хабарламалар жолағындағы белгішесін көрген кезде, ән ойнайды. Қосымша мәліметтерді көру үшін төмен жылжытыңыз. Музыканың басқару элементтеріне оралу үшін әнді түртіңіз.

Музыканы өшіру

пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Карталар және навигация

Google Maps™

Google Maps - қуатты, пайдаланушыға ыңғайлы картада көрсету технологиясы және бизнес аймақтарды, байланысу ақпаратын, жүргізу бағыттарын қамтитын жергілікті бизнес ақпаратын ұсынатын Google қызметі.

> >

Ескертпе: Google Maps пайдалану үшін GPS іске қосу қажет. Сол үшін, Apps > > **Location access (Орынға қатынасу)** > **GPS satellites (GPS серіктері)** түртіңіз.

Картаны дербес режимде қолдануға болатындай етіп, деректерді Google Maps қолданбасынан телефонға сақтай аласыз. Бұл функция дерек байланысы болмаған жағдайда пайдалы болып табылады және ол деректерді тасымалдау шығындарын азайтады.

Картаны телефонға сақтау үшін, Google Maps қолданбасындағы аймаққа қараңыз және содан кейін > **Make available offline (Дербес режимді қолжетімді ету)** пәрменін түртіңіз. Егер таңдалған аймақты баптау қажет болса, карта масштабын ұлғайту немесе кішірейту үшін қысуға болады. Карта деректерін жүктеп алу үшін **DONE (ДАЙЫН)** түртіңіз.

Кеңес: Карта деректерінің блоктары 100 Мб дейін болады. Сондықтан Vertu компаниясы жүктеп алу алдында Wi-Fi желісіне қосылуды ұсынады.

Google Maps™ бойынша анықтама алу үшін, > **Help (Анықтама)** пәрменін түртіңіз.

Кеңес: Жақын жердегі мейрамханалар, кафелер және басқаларының тізімін көру үшін, экранның жоғарғы сол жақ бұрышындағы **Maps (Карталар)** > **Local (Жергілікті)** түртіңіз.

Google Maps™ with Navigation beta

Google Maps with Navigation beta - дауыс бағыттауышы бар, интернетке қосылған GPS навигация жүйесі.

> >

Ескертпе: Google Maps with Navigation beta пайдалану үшін GPS іске қосу қажет.

Осыны орындау үшін, Apps > > **Location access (Орынға қатынасу)** > **GPS satellites (GPS серіктері)** түртіңіз.

Мақсатты орынды айту немесе жазу үшін нұсқауларды орындаңыз.

Google Maps with Navigation beta туралы анықтама алу үшін, www.google.com/mobile/navigation торабына кіріңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефонды жекелендіру

Виджеттер

Басты экранға виджеттерді қосу үшін:

1. Apps > **WIDGETS (ВИДЖЕТТЕР)** пәрменін түртіңіз.

   Ескертпе: Қосымша виджеттерді көру үшін солға қарай жылжытыңыз.

2. Виджетті түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін оны басты экран тақталарының біреуіне апарыңыз.

Қосымша виджеттерді жүктеу үшін, 22 бетіндегі "Google Play™" мақаласын қараңыз.

Виджетті бейімдеу мақсатында, оны ашу үшін түртіңіз және пернесін түртіңіз.

Жылдам теру пернелері

Басты экранға жылдам теру пернелерін қосу үшін, қолданбаларын түртіңіз, қолданбаны түртіп, ұстап тұрыңыз және басты экран тақталарындағы нүктеге апарыңыз.

Жылдам теру пернесінің қалтасын құру үшін, бір жылдам теру нүктесін басқасына апарыңыз. Қалтаға қосымша жылдам теру пернелерін қосу үшін, оларды қалта белгішесіне апарыңыз. Қалтаға ат беруді қаласаңыз, оны түртіп, төменгі жағына атын енгізіңіз.

- Жылдам теру пернелерін немесе жылдам теру пернесінің қалталарын жылжыту үшін, оларды түртіп, ұстап тұрыңыз және жаңа орынға апарыңыз.
- Басты экраннан жылдам теру пернелерін немесе жылдам теру пернесінің қалталарын алу үшін, оларды түртіп, ұстап тұрыңыз және экранның жоғарғы жағындағы **Remove (Алып тастау)** пәрменіне апарыңыз.

Басты экраннан дереу кіру үшін жылдам теру пернелерін немесе жылдам теру пернесінің қалталарын сондай-ақ, таңдаулылар науасынан шығарып, немесе оған апаруға болады.

Рингтондар

Кіріс қоңыраулары немесе мәтіндік хабар немесе электрондық хат сияқты хабарламалар үшін рингтонды реттеуге болады:

Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Phone ringtone (Телефон рингтоны)** немесе **Default notification sound (Әдепкі ескерту дыбысы)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Белсенді не дыбысы өшірілген рингтонды ауыстыру үшін немесе телефонды вибрацияға қою үшін, Power (қуат) пернесін басып, ұстап тұрыңыз және содан кейін опцияны таңдаңыз:

- Телефонның дыбысын өшіріп, вибрация режимін белсендіру үшін белгішесін түртіңіз.
- Вибрация режимін белсендірместен, телефонның дыбысын өшіру үшін белгішесін түртіңіз.
- Рингтонды қайта белсендіру үшін белгішесін түртіңіз.

Қоңырау және вибрация опциясын іске қосу үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Vibrate when ringing (Қоңырау кезіндегі вибрация)** пәрменін түртіңіз.

Фондық суреттер

Басты экран үшін жаңа фондық суретті орнату үшін, басты экрандағы бос нүктені түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін **Gallery (Галерея)**, **Live Wallpapers (Бейнелі фондық суреттер)** немесе **Wallpapers (Фондық суреттер)** ішінен фондық суретті таңдаңыз.

Дыбыстарды әрекеттерге белгілеу

- Нөмір тергіште түртулерге арналған дыбыстарды орнату үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Dial-pad touch tones (Нөмірді түрту дыбыстары)** параметрлерін түртіңіз.
- Рингтондар, хабарламалар, мультимедиа және сигналдардың дыбыстық деңгейін орнату үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Volumes (Дыбыс деңгейлері)** параметрлерін түртіңіз.
- Экранды құлыптау немесе құлыптан босату кезіндегі дыбысты есту үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Screen lock sounds (Экранды құлыптау дыбыстары)** параметрлерін түртіңіз.
- Экран таңдаулары үшін дыбыстарды орнату үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Touch sounds (Түрту дыбыстары)** параметрлерін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Параметрлерді көрсету

Опция	Параметр
Экран жарықтылығын орнату	Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер) > Display (Дисплей) > Жарықтылық** параметрін түртіңіз.
Мәзірлер мен параметрлер үшін қаріп өлшемін орнату	Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер) > Display (Дисплей) > Font size (Қаріп өлшемі)** параметрін түртіңіз.
Хабарландыру шамын қосу немесе өшіру (Бұл жарық сіз мәтіндік хабарлама немесе электрондық хат сияқты хабарландыру алған кезде телефонның алдыңғы жағындағы жоғарғы оң жағында жарқылдайды.)	Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер) > Display (Дисплей) > Pulse notification light (Ырғақты ескерту шамы)** параметрін түртіңіз.

Автоматты айналдыру

Экранның белгілі қолданбаларда автоматты түрде айналуын орнату үшін Apps > **Settings (Параметрлер) > Display (Дисплей) > Auto-rotate screen (Автоматты бұру экраны)** параметрлерін түртіңіз.

Экран құлпы

Күту режиміне өткен кезде сенсорлы экранды құлыптауға болады. Бұл телефоныңыз жоғалып қалғанда немесе ұрланған жағдайда қорғау үшін ұсынылады.

Бірнеше құлыптау опциялары бар. Apps > **Settings (Параметрлер) > Security (Қауіпсіздік) > Screen lock (Экран құлпы)** пәрменін түртіңіз, содан кейін құлыптау түрін таңдаңыз:

- **Slide (Сырғыту)**: құлыптан босату үшін оңға қарай апарыңыз.
- **Face Unlock (Бет құлпы)**: құлыптан босату үшін телефонға қараңыз.
- **Pattern (Үлгі)**: құлыптан босату үшін өрнек сызыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

- **PIN**: құлыптан босату үшін PIN кодын енгізіңіз.
- **Password (Құпиясөз)**: құлыптан босату үшін құпия сөзді енгізіңіз.

Ескертпе: Кейбір корпоративтік электрондық пошта тіркелгілері жоғарыда тізілген құлыптау опцияларын жарамсыз ететін арнайы құлыпты пайдалануы мүмкін.

Күн және уақыт параметрлері

Күн, уақыт, уақыт белдеуін және уақыт пішімдерін орнату үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Date & time (Күн және уақыт)** параметрлерін түртіңіз.

Желі күні мен уақытын автоматты түрде пайдалану үшін **Automatic date & time (Автоматты күн және уақыт)** немесе **Automatic timezone (Автоматты уақыт белдеуі)** параметрлерін түртіңіз.

Тіл және аймақ параметрлері

Мәзір тілі және аймақты орнату үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Language & input (Тіл және енгізу)** > **Language (Тіл)** параметрлерін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Әлеуметтік желілер

Тіркелгіні қосу

Браузер арқылы Facebook™, Twitter™ және Google+™ сияқты тораптардағы әлеуметтік желі тіркелгілеріңізді жаңартып, жаңалықтарды ала аласыз. Тіркелгілеріңіз жоқ болса, оларды орнату үшін, веб-тораптарына өтіңіз. Әлеуметтік желілердегі тіркелгілердің көбі Google Play ішінен Constellation V телефоныңызға орнатуға болатын арнайы қолданбаларды ұсынады.

Әлеуметтік желі қолданбасын жүктеп алу үшін, басты экрандағы Apps > **Play Store** пәрменін басыңыз.

Әлеуметтік желі тіркелгісіне кіру үшін, пайдаланушы атын немесе электрондық пошта мекенжайын және құпия сөзді енгізіңіз.

Әлеуметтік желі тіркелгілері үшінші тараптық қызметтер болып табылады және Vertu арқылы ұсынылмайды. Бөлісетін ақпаратты бақылау үшін әлеуметтік желі тіркелгілерінің құпиялылық параметрлерін тексеріңіз. Кез келген қолданыстағы әлеуметтік желінің тіркелгілерін қолдану шарттары мен құпиялылықты сақтау ережелерімен танысыңыз.

Тіркелгіні жою

Әлеуметтік желіге кіру тіркелгісін телефоннан жою үшін, Apps > түртіңіз жіне әлеуметтік желі қолданбасын түртіп, ұстап тұрыңыз және оны мынаған қарай жылжытыңыз: **Uninstall (Жою)**.

Контактілерді синхрондау

Телефоннан әлеуметтік желі тіркелгісіне кірген кезде, тіркелгі контактілерін, суреттерді, және күйді **People (Адамдар)** қолданбасы арқылы синхрондау ұсынылуы мүмкін. Осы сұрауды қабылдауға немесе одан бас тартуға болады. Синхрондау параметрлерін кез келген уақытта өзгерту үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > тіркелгі атын түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Тіркелгілерді басқару

Синхрондалған опцияларды теңшеу

Тіркелгілерді синхрондау үшін басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > тіркелгі > > **Sync now (Қазір синхрондау)** пәрменін түртіңіз.

Тіркелгі үшін синхрондау опцияларын теңшеу үшін тіркелгіні түртіп, кейін синхрондалуы тиіс өрістерді, мысалы **Sync Calendar (Күнтізбені синхрондау)**, **Sync Contacts (Контактілерді синхрондау)** немесе **Sync Gmail** түртіңіз. Синхрондау қажет емес өрістерді бос күйде қалдырыңыз.

Тіркелгілерді қосу және жою

Тіркелгілерді қосу үшін, басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Add account (Тіркелгіні қосу)** параметрін түртіңіз. Кейбір әдепкі тіркелгілер көрсетіледі, мысалы, **Corporate (Корпоративтік)**, **Email (Электрондық пошта)** және **Google**. Тіркелгіні қосу үшін оны түртіңіз. Пайдаланушы аты және құпиясөзді енгізіңіз де, кейін тіркелгіңізді баптау үшін нұсқауларды орындаңыз.

Телефондағы тіркелгіні жою үшін тіркелгі атауын > > **Remove account (Тіркелгіні жою)** пәрменін түртіңіз.

Тіркелгілердің көшірмесін жасау және қалпына келтіру

Тіркелгілердің көшірмесін жасау және қалпына келтіру үшін басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Backup & reset (Қалпына келтіру және қайта іске қосу)** > **Automatic restore (Автоматты қалпына келтіру)** параметрін түртіңіз. Қолданба қайта орнатылған кезде параметрлердің көшірмесі жасалып, деректер қалпына келтірілуіне көз жеткізу үшін **Automatic restore (Автоматты қалпына келтіру)** өрісінің белгіленгеніне көз жеткізіңіз.

Ескертпе: Қолданба дерегі, Wi-Fi құпиясөздерінің және басқа параметрлердің көшірмесін Google серверлерінде жасау үшін **Back up my data (Деректі қалпына келтіру)** өрісінің белгіленгеніне көз жеткізіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Браузер

Веб-браузер туралы

Интернетті Constellation V арқылы шолу үшін, ұялы байланыс немесе Wi-Fi байланысы қолжетімді болуы қажет.

> >



1. URL жолағы.
2. Тізбекті таңдау үшін, оны түртіңіз. Көбірек опциялар үшін басып тұрыңыз.
3. Бетбелгілер және браузер параметрлері сияқты браузер опциялары.
4. Алдыңғы кірген беттер тізімін көру үшін түртіңіз.

Кеңес: Ұлғайту немесе кішірейту үшін, экранды екі рет түртіңіз.

Интернетке шолу

Интернетке шолу үшін, басты экрандағы Apps > пәрменін түртіңіз.

Веб-торапты жаңарту үшін, > **Refresh (Жаңарту)** пәрменін түртіңіз.

Кеңес: Қызмет провайдері арқылы тарифтік жоспарды тексеріңіз. Тарифтік шығындарды сақтап, интернетке қосылу үшін Wi-Fi байланысын қолдануыңызға болады.

Веб-торапқа өту үшін, веб-мекенжай жолағын түртіп, веб-мекенжайды енгізіңіз және содан кейін **Go (Өту)** түймешігін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Мәтінді қиып алу, көшіру және қою

Мәтінді белгілеу үшін түртіп, басып тұрыңыз. Қойындылар белгіленген мәтіннің шектерін білдіреді. Қажетті мәтінді белгілеу үшін осы қойындыларды жылжытыңыз және кейін белгіленген мәтінді қиып алу, көшіру немесе қою үшін экранның жоғарғы жағындағы белгішелерді түртіңіз.

Интернетке қосылу

Телефон интернетке кіруі үшін, ұялы мобильдік телефон желісін (ауа арқылы) немесе Wi-Fi байланысын қолданады.

Ескертпе: Қызмет провайдері арқылы тарифтік жоспарды тексеріңіз. Интернетке сымсыз кіру немесе деректерді сымсыз көшіру үшін төлеуіңіз мүмкін.

Интернетке жылдамырақ кіруге арналған Wi-Fi желісін қолдану үшін, басты экранның жоғарғы жағындағы күй жолағын түртіңіз және оны төмен қарай жылжытыңыз. Қолайлы желіне таңдау үшін **Wi-Fi networks available (Қолжетімді Wi-Fi желілері)** хабарландыруын түртіңіз. 60-беттегі "Wi-Fi" бөлімін қараңыз.

Браузерді жабу үшін, Home (Басты бет) ⌂ пернесін түртіңіз.

Ескертпе: Егер интернетке қосылу мүмкін емес болса, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Бетбелгіні қосу

Егер сіз бірдей веб-тораптарға жүйелі түрде кіретін болсаңыз, оларға оңай кіру үшін, оларды бетбелгілерге қосыңыз.

Веб-торапты бетбелгі ретінде сақтау үшін, ⋮ > **Save to bookmarks (Белгілерге сақтап қою)** пәрменін түртіңіз.

Бетбелгіге қосылған веб-тораптарды көру үшін, ⋮ > **Bookmarks (Белгілер)** пәрменін түртіңіз.

Виджет арналары

Егер сіз мультимедиа арналары ретінде белгілі виджет арналарын қолдансаңыз, не болып жатқандығын білу үшін сүйікті веб-тораптарға кіру бұдан былай қажет емес. Оның орнына, соңғы мазмұнға арналған сілтемелерді автоматты түрде аласыз.

Басты экрандағы Apps > **WIDGETS (ВИДЖЕТТЕР)** пәрменін түртіңіз. Виджетті басты экранға қосу үшін оны басып тұрыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Құпиялылық және қауіпсіздік

Құпиялылық пен қауіпсіздік параметрлеріне өзгерістер енгізу үшін, басты экрандағы Apps > > > **Settings (Параметрлер)** > **Privacy & security (Құпиялылық және қауіпсіздік)** пәрменін түртіңіз.

Кэшті босату үшін, > **Settings (Параметрлер)** > **Privacy (Құпиялылық)** > **Clear browsing data (Қаралған деректі өшіру)** > **Clear cache (Кэш тазалау)** пәрменін түртіңіз.

Жүктеулер

Браузерден файлдарды жүктеу үшін, тізбекті немесе суретті басып тұрыңыз және содан кейін **Save image (Кескінді сақтау)** немесе **Save link (Сілтемені сақтау)** пәрменін түртіңіз.

Жүктелінген файлдарды көру үшін, басты экрандағы Apps > **Downloads (Жүктеулер)** пәрменін басыңыз. Оны ашу үшін тармақты түртіңіз. Тармақты белгілеу үшін құсбелгіні түртіңіз және содан кейін оны жою үшін қоқыс себетін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Камера

Камера туралы

Суретке түсіру немесе бейне жазу үшін Constellation V телефонын қолдануға болады. Содан кейін суреттерді және бейнелерді өңдеуге болады, оларды интернет арқылы таратып немесе үйлесімді құрылғыларға жібере аласыз.

> >



1. Параметрлерге арналған опцияларды көрсету үшін түртіңіз
2. Фотосурет немесе бейнені түсіру
3. Ағымдағы фотосурет түрі. Басқа түрін таңдау үшін түртіңіз.
4. Камера параметрлерін өзгертуге арналған опциялар

Ескертпе: Белгішелердің орны телефонның бағытына байланысты өзгереді. Фотосурет түрінің ағымдағы таңдауына және камера параметрлеріне байланысты сыртқы пішін әртүрлі болады.

Суретке түсіру және онымен бөлісу

Суретке түсіру үшін:

1. Басты экрандағы Apps > **Camera (Камера)** пәрменін түртіңіз.

   Ескертпе: Фокустау орнын өзгерту үшін экранды түртіңіз. Ақ түсті шеңбер жаңа фокустау орнын көрсетеді және қайта фокустау аяқталған кезде, екі таңба ақ түстен жасыл түске ауысады.

2. Суретке түсіру үшін белгішесін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Ауқымды панорамалық суретке түсіру үшін, > белгішесін түртіңіз. Қажетті түсіру көрінісі бойынша телефонды баяу жылжытыңыз. Камера автоматты түрде бірнеше фотосуреттерді түсіреді, сіз камераны жылжытқанда бір үлкен сурет жасау үшін оларды біріктіреді.

Суретті тарату:

1. Басты экрандағы Apps > **Gallery (Галерея)** пәрменін түртіңіз.
2. Суретті түртіп, белгішесін түртіңіз және содан кейін суретті тарату жолын таңдаңыз: , , , , немесе арқылы.

Көңес: Түсіргеннен кейін фотосуретті дереу бөлісу үшін, экранды түртіңіз және солға қарай жылжытыңыз. Экран соңғы фотосуреттер мен бейнелердің "таспасын" көрсетеді. Фотосуреттер арасына жылжыту үшін оң немесе солға жылжытыңыз. Бөлісу опцияларын көру үшін, белгішесін түртіңіз. Тікелей тасымалдау камерасы көрінісіне оралу үшін, таспаның шеткі сол жағына қарай апару үшін оңға жылжытыңыз.

Камера параметрлері

Опцияларды көру үшін, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы ақ шеңберді түртіңіз. Содан кейін өзгерту қажет болған опцияны түртіңіз және жаңа параметрге қарай жылжытыңыз. Сондай-ақ, экран ортасын түртіп, ұстап тұрыңыз және содан кейін опцияға және жаңа параметрге қарай жылжытыңыз.

Ескертпе: Панорамалық кескіндерге емес, қалыпты фотосуреттерге арналған камера параметрлерін баптауыңызға болады.

Опция	Параметр
Камера параметрлері	Параметрлерге мыналар кіреді: Суреттің немесе бейненің орнын автоматты түрде жазу үшін **Store location (Сақтау орны)** параметрін **ON (ҚОСУЛЫ)** күйіне орнатыңыз. Сурет өлшемі: **VGA**, **1M pixels (1 мегапиксель)**, **3M pixels (3 мегапиксель)**, **5M pixels (5 мегапиксель)**, **8M pixels (8 мегапиксель)** (әдепкі) немесе **13M pixels (13 мегапиксель)**. Түс әсері: фотосуреттеріңізге көркем әсерлерді қолданыңыз. Опциялар **Sepia (Сепия)**, **Negative (Негатив)** және **Posterize (Постер жасау)** әсерлерді қамтиды. **Scene mode (Көрініс режимі)**: бұл опцияны ерекше жарық жағдайларда жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін таңдаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Опция	Параметр
	Опциялар **Party (Сауық кеші)** және **Sunset (Күн батуы)** қамтиды. **Restore defaults (Әдепкі мәндерді қалпына келтіру)**: барлық камера параметрлерін олардың әдепкі мәндеріне қайтарыңыз.
Choose camera (Камераны таңдау)	Негізгі камера мен алдыңғы камераны ауыстырыңыз.
Exposure (Экспозиция)	**+2** мәнінен **–2** мәніне дейінгі ауқымды қамтитын экспозиция параметрін таңдаңыз.
White balance (Ақ түс балансы)	**Auto (Авто)**, **Incandescent (Қыздыру шамы)**, **Daylight (Күн сәулесі)**, **Fluorescent (Күн жарығы)** немесе **Cloudy (Бұлтты)** режиміне орнатыңыз.
Flash mode (Жарқыл режимі)	Негізгі камера: жарқылды **Auto (Авто)** немесе **On (Қосулы)** опциясына (опциялардың екеуі үшін де қолжетімді қызыл көз әсерін азайту арқылы) немесе **Off (Өшірулі)** опциясына орнатыңыз.
HDR	**HDR** (Жоғары динамикалық ауқым) жоғары контрастты жарықтандыру шарттары бар көріністердегі мәліметтерді қорғауға көмектеседі. **On (Қосулы)** немесе **Off (Өшірулі)** (әдепкі) күйіне орнатыңыз.

Бейне жазу және онымен бөлісу

Телефон арқылы суретке түсіруден бөлек, бейне жазуыңызға да болады.

Бейне жазу үшін:

1. Басты экрандағы Apps > **Camera (Камера)** пәрменін түртіңіз.

   Ескертпе: сурет режимінен бейне режиміне ауыстыру үшін, белгішесін түртіңіз.

2. Жазуды бастау үшін, белгішесін түртіңіз. Жазуды тоқтату үшін, белгішесін қайта түртіңіз. Содан кейін телефон бейнені сақтайды.

Ескертпе: Бейнені жазу кезінде, фокус орнын орнату үшін экранды түртпеуіңіз қажет. Бейнені жазу кезінде, телефон жақтаудың ортасына қарай автоматты түрде фокусталады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Бейнені тарату:

1. Басты экрандағы Apps > **Gallery (Галерея)** пәрменін түртіңіз.
2. Бейнені түртіп, белгішесін түртіңіз және содан кейін бейнені тарату жолын таңдаңыз: , , , немесе арқылы.

Кеңес: Түсіргеннен кейін бейнені дереу бөлісу үшін, экранды түртіңіз және солға қарай жылжытыңыз. Экран соңғы фотосуреттер мен бейнелердің "таспасын" көрсетеді. Бейнелер арасына жылжыту үшін оң немесе солға жылжытыңыз. Бөлісу опцияларын көру үшін, белгішесін түртіңіз. Тікелей тасымалдау камерасы көрінісіне оралу үшін, таспаның шеткі сол жағына қарай апару үшін оңға жылжытыңыз.

Бейне параметрлері

Опцияларды көру үшін, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы ақ шеңберді түртіңіз. Содан кейін өзгерту қажет болған опцияны түртіңіз және жаңа параметрге қарай жылжытыңыз. Сондай-ақ, экран ортасын түртіп, ұстап тұрыңыз және содан кейін опцияға және жаңа параметрге қарай жылжытыңыз.

Опция	Параметр
Камера параметрлері	Параметрлерге мыналар кіреді: Суреттің немесе бейненің орнын автоматты түрде жазу үшін **Store location (Сақтау орны)** параметрін **ON (ҚОСУЛЫ)** күйіне орнатыңыз. Бейнені кодтау құралы: **H264** (әдепкі), **H263** немесе **MPEG4**. Бейне сапасы: **HD 1080p** (әдепкі), **HD 720p**, **SD 480p** немесе **VGA**. **Restore defaults (Әдепкі мәндерді қалпына келтіру)**: барлық камера параметрлерін олардың әдепкі мәндеріне қайтарыңыз.
Choose camera (Камераны таңдау)	Негізгі камера мен алдыңғы камераны ауыстырыңыз.
White balance (Ақ түс балансы)	**Auto (Авто)**, **Incandescent (Қыздыру шамы)**, **Daylight (Күн сәулесі)**, **Fluorescent (Күн жарығы)** немесе **Cloudy (Бұлтты)** режиміне орнатыңыз.
Flash mode (Жарқыл режимі)	Негізгі камера: жарқылды **On (Қосулы)** немесе **Off (Өшірулі)** режиміне орнатыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Галерея

Галерея туралы

> >

Галерея арқылы жазылған бейнелерді көруге немесе түсірілген фотосуреттерді шолуға болады.

Медиа файлдарды тиімді басқару үшін оларды альбомдар немесе қалталарға біріктіріңіз.

Фотосуреттер және бейнелерді көру және өңдеу

> > > фотосурет немесе бейне

Көру үшін фотосурет немесе бейнені түртіңіз.

Кеңес: Ұлғайту және кішірейту үшін, экранды екі рет жылдам түртіңіз.

 белгішесін түртіп, содан кейін опцияны таңдаңыз: **Delete (Жою)**, **Slideshow (Слайд көрсетілімі)**, **Edit (Өңдеу)**, **Rotate left (Солға бұру)**, **Rotate right (Оңға бұру)**, **Crop (Кесу)**, **Set picture as (Суретті орнату)**, **Details (Мәліметтер)** немесе **Show on map (Картада көрсету)**.

Edit (Өңдеу) опциясы фотосуреттің **B/W (Қара/ақ)**, **Crop (Кесу)**, **Saturation (Қанықтылық)** немесе көркем сурет жиегі сияқты әртүрлі параметрлерді өзгертуге мүмкіндік береді.

Ескертпе: Бейнелер үшін тек **Delete (Жою)**, **Trim (Кесу)** орындауға немесе **Details (Мәліметтер)** көруге болады.

Фотосуреттер және бейнелермен бөлісу

Фотосурет немесе бейнемен бөлісу:

1. Басты экрандағы Apps > **Gallery (Галерея)** пәрменін түртіңіз.
2. Фотосурет немесе бейнені түртіп, белгішесін түртіңіз және бөлісу жолын таңдаңыз: , , , , , немесе арқылы.

Фотосуреттер және бейнелерді телефон және компьютер арасында көшіруге болады. Қосымша ақпаратты алу үшін 63 бетіндегі "Телефон мен компьютер арасындағы көшіру" мақаласын қараңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Альбомды көру

Барлық фотосуреттер мен бейнелерді көруге немесе альбом түрінде ұйымдастыруға болады.

> >

Барлық фотосуреттер және бейнелеріңіз **Albums (Альбомдар)** ішінде көрсетілген. Альбомды түртіп, > **Group by (Топтастыру)** пәрменін түртіңіз және содан кейін альбом көрінісін қарау үшін **Locations (Орналасуы бойынша)**, **Times (Уақыты бойынша)**, **People (Адамдар)** немесе **Tags (Тэгтер)** параметрін таңдаңыз.

Қалта жасау

Фотосуреттеріңіз және бейнелеріңізді ретке келтіру үшін жеке қалталарды жасауға болады.

1. Телефоныңызды компьютеріңізге USB кабелінің көмегімен қосыңыз.
2. Телефоныңыздың ішкі жадын компьютеріңіз арқылы қарап, 'Суреттер' қалтасын шолып, жаңа қалталарды жасаңыз.
3. Фотосуреттер және бейнелерді қалталарға тасымалдаңыз.

Контактіге кескіндер және суреттерді белгілеу

Арнайы контактіге фотосуретті қосыңыз немесе сүйікті фотосуретті фондық кескін ретінде орнатыңыз.

> > > фотосуреті

Фотосуретті түртіңіз де, содан кейін > **Set picture as (Суретті орнату)** > **Contact photo (Контакт фотосуреті)** немесе **Wallpaper (Фондық сурет)** пәрменін түртіңіз.

Экранның суретін түсіру

Экранның суретін түсіру үшін Қуат пернесін және Дыбыс деңгейін азайту пернесін бір мезгілде басып, ұстап тұрыңыз.

Экран суретін көру үшін, Apps > **Gallery (Галерея)** > **Screenshots** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Кеңсе құралдары

Clock (Сағат)

> >

Сағатты оятқыш сағат ретінде, таймер немесе секундомер ретінде қолдануға болады.

Ағымдағы оятқыштар тізімін көру үшін > пәрменін түртіңіз. Оятқышты белсендіру үшін, **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін оңға қарай жылжытыңыз.

Жаңа оятқышты қосу үшін белгішесін түртіңіз және содан кейін оятқыш мәліметтерін енгізіңіз.

Оятқыш дыбысын немесе басқа параметрлерін өзгерту үшін белгішесін түртіңіз. Барлық оятқыштарға әсер ететін параметрлерді өзгерту үшін, > **Settings (Параметрлер)** пәрменін түртіңіз.

Оятқыш дыбысы шыққан кезде, оятқышты өшіру үшін белгішесін оңға қарай немесе 10 минутқа кідірту үшін солға қарай жылжытыңыз.

Калькулятор

> >

Калькулятордың екі көрінісі бар: негізгі және кеңейтілген. Көріністерді өзгерту үшін, > **Advanced panel (Кеңейтілген тақта)** немесе **Basic panel (Негізгі тақта)** пәрменін түртіңіз.

Кеңес: Негізгі және кеңейтілген тақталар арасында ауыстыру үшін сол немесе оң жаққа айналдырыңыз.

Тарихты тазарту үшін, > **Clear history (Тарихты өшіру)** пәрменін түртіңіз.

Calendar (Күнтізбе)

> >

Calendar (Күнтізбе) қолданбасымен, күнтізбелік оқиғаларды Google™ тіркелгісінен автоматты түрде көруге болады.

Күнтізбені әртүрлі көріністе көруге болады: көріністі өзгерту үшін күнді түртіңіз, содан кейін **Day (Күн)**, **Week (Апта)**, **Month (Ай)** немесе **Agenda (Күн тәртібі)** пәрменін түртіңіз. Қосымша мәліметтерді көру үшін оқиғаны түртіңіз.

Кеңес: Күнтізбе виджетін басты экранға қосу үшін, Apps > **WIDGETS (ВИДЖЕТТЕР)** түртіңіз, **Calendar (Күнтізбе)** түртіп, ұстап тұрыңыз және оны басты экранға апарыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Оқиға қосу үшін, > **New event (Жаңа оқиға)** пәрменін түртіңіз. Оқиға туралы мәліметтерді енгізіңіз және **DONE (ДАЙЫН)** параметрін түртіңіз.

Оқиғаны жою мақсатында, оны ашу үшін түртіңіз, содан кейін себетті түртіңіз.

Бірнеше күнтізбелерді көру үшін, > **Calendars to display (Күнтізбелерді көрсету)** пәрменін түртіңіз. Көргіңіз келетін күнтізбелердің жанындағы құсбелгі ұяшықтарын таңдап, **Calendars to sync (Күнтізбелерді синхрондау)** > **OK** пәрменін түртіңіз.

Күнтізбені синхрондау үшін, > **Calendars to display (Күнтізбелерді көрсету)** пәрменін түртіңіз. Күнтізбе жанындағы құсбелгі ұяшығын таңдаңыз және **Calendars to sync (Күнтізбелерді синхрондау)** > **OK** пәрменін түртіңіз.

Күнтізбе еске салғышының дыбысын өзгерту үшін, > **Settings (Параметрлер)** > **General settings (Негізгі параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** пәрменін түртіңіз.

Ескертпе: Әрбір көрсетілген күнтізбе үшін қосылған тіркелгіңіз бар болуы қажет.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Байланыс

Маңызды: Кейбір елдерде WLANs және Bluetooth технологиясын қолдану бойынша шектеулер болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, жергілікті құзырлы мекемелерге хабарласыңыз.

Wi-Fi

> > > **Wi-Fi**

Wi-Fi байланысы арқылы, веб-тораптарды шолу үшін немесе музыка және бейнелерді жіберу үшін жылдам интернет байланысына арналған Wi-Fi желісіне қосыла аласыз.

Wi-Fi байланысын іске қосу үшін, **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін түртіп, оңға қарай жылжытыңыз.

Wi-Fi байланысын өшіру үшін, **ON (ҚОСУЛЫ)** белгішесін түртіп, солға қарай жылжытыңыз.

Wi-Fi желісіне қосылу

Жаңа Wi-Fi желісіне қосылу үшін:

1. > **Settings (Параметрлер)** > **Wi-Fi** пәрменін түртіңіз.
2. Іске қосу үшін **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін түртіп, оңға қарай жылжытыңыз.

   Егер Wi-Fi әлдеқашан іске қосылған болса және Wi-Fi желілері қолжетімді болса, Wi-Fi индикаторы күй жолағында көрсетіледі. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және желіні таңдап, қосылу үшін **Wi-Fi networks (Wi-Fi желілері)** опциясын түртіңіз.
3. Тізімдегі желіні түртіңіз және содан кейін **Connect (Байланыстыру)** параметрін түртіңіз. **Network SSID (Желі SSID)**, **Security (Қауіпсіздік)** және **Password (Құпиясөз)** мәліметтерін енгізу қажет. Осы мәліметтерді алу үшін, желі әкімшісіне хабарласыңыз.

   Телефоныңыз қосылған кезде, Wi-Fi индикаторы күй жолағында көрсетіледі.

Кеңес: Егер жергілікті Wi-Fi байланысын қолдансаңыз, көбінесе қауіпсіздік ақпаратын Wi-Fi жол жоспарлағышынан табуға болады.

Ескертпе: Wi-Fi байланысын қолдану ұялы дерек тұтынылуын азайтатындықтан табанды түрде ұсынылады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Bluetooth

> > > **Bluetooth**

Bluetooth байланысы арқылы, телефондар, компьютерлер, құлаққаптар және автокөлік жинақтары сияқты басқа үйлесімді құрылғыларға сымсыз байланыс жасауыңызға болады. Байланысты телефоннан нысандар жіберу үшін, үйлесімді компьютерден файлдарды тасымалдау үшін және үйлесімді принтер арқылы файлдарды басып шығару үшін қолдануыңызға болады.

Bluetooth байланысын іске қосу үшін, **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін түртіп, оңға қарай жылжытыңыз.

Bluetooth байланысын өшіру үшін, **ON (ҚОСУЛЫ)** белгішесін түртіп, оны солға қарай жылжытыңыз.

Bluetooth құрылғысын қосу

Жаңа Bluetooth құрылғысымен қосу үшін, оны телефоныңызға қосуыңыз қажет.

1. Телефонға қосылатын Bluetooth құрылғысы көрінетін режимде екендігіне көз жеткізіңіз. Қосымша мәліметтер үшін, құрылғыға арналған пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
2. > **Settings (Параметрлер)** > **Bluetooth** пәрменін түртіңіз.
3. Іске қосып, сканерлеу үшін **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін түртіп, оңға қарай жылжытыңыз. Егер Bluetooth құрылғысы әлдеқашан іске қосылған болса, **SEARCH FOR DEVICES (ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ІЗДЕУ)** белгішесін түртіңіз.
4. Қосу үшін, құрылғыны түртіңіз. Қосу үшін **OK** түртуіңіз қажет немесе құрылғының кіру кілтін енгізуіңіз қажет. Қосымша мәліметтер үшін, құрылғыға арналған пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

   Телефоныңыз қосылған кезде, Bluetooth индикаторы күй жолағында көрсетіледі.

Constellation V телефоны aptX® мүмкіндіктері бар аксессуарларға қолдау көрсету үшін жабдықталған.

Кеңес: Батарея қуатын үнемдеу үшін қолданылмаған кезде Bluetooth байланысын өшіріп қойыңыз.

Ескерту: Барлық жергілікті заңдарды сақтаңыз. Автокөлікті жүргізу барысында қолыңызда телефон болмауы тиіс. Жүргізу кезінде сіздің назарыңыз ең алдымен жол қауіпсіздігінде болуы қажет.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Құрылғы атауын өзгерту

Құрылғының атауын өзгертуіңізге болады.

1. > **Settings (Параметрлер)** > **Bluetooth** пәрменін түртіңіз.
2. > **Rename phone (Телефон атын өзгерту)** пәрменін түртіңіз.
3. Жаңа атты енгізіп, **Rename (Атын өзгерту)** опциясын түртіңіз.

Көрінетін режим

Телефоныңызды басқа құрылғыларға көрінетін етіп жасау үшін:

1. > **Settings (Параметрлер)** > **Bluetooth** пәрменін түртіңіз.
2. Телефоныңызды 2 минутқа көрінетін етіп жасау үшін құрылғы атын түртіңіз.

Телефон қанша уақытқа көрінетіндігін өзгерту үшін, > **Visibility timeout (Көріну уақыты)** пәрменін түртіңіз.

Орын қызметтері

> > > **Location access (Орынға қатынасу)**

Сәйкес орынды анықтау мақсатында, қолданбаларға Wi-Fi және мобильдік желілер сияқты көздерден деректерді қолдануға мүмкіндік беру үшін **Wi-Fi & network location (Wi-Fi және желілік орын)** параметрін түртіңіз.

Орынды орнату мақсатында қолданбаларға GPS қызметін пайдалануға мүмкіндік беру үшін, **GPS satellites (GPS серіктері)** параметрін түртіңіз.

Ескертпе: GPS қызметін іске қосу Google Maps™ және Google Maps™ with Navigation beta сияқты орынға негізделген қызметтерге кіруге мүмкіндік береді.

Компьютер арқылы синхрондалуы үшін телефонды орнату

Ескертпе: Телефонды алғаш рет қосқан кезде, компьютер драйверлер орнатылып жатқандығы жайлы ескертеді. Драйвердің орнатылуын аяқтаңыз.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз.
2. Басты экрандағы, белгішесі күй жолағында пайда болғандығын тексеріңіз.
3. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** параметрін түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** немесе **Camera (PTP) (Камера (PTP))** құсбелгісі белгіленгендігіне көз жеткізіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

4. Сандық мультимедиа файлдарын синхрондау үшін компьютердегі нұсқауларды орындаңыз.

   Синхрондау аяқталған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.

Ескертпе: Әрқашан телефонмен бірге берілген Vertu microUSB кабелін қолданыңыз.

Телефон мен компьютер арасындағы көшіру

Ескертпе: Телефонды алғаш рет қосқан кезде, компьютер драйверлер орнатылып жатқандығы жайлы ескертеді. Драйвердің орнатылуын аяқтаңыз.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз.
2. Басты экрандағы, белгішесі күй жолағында пайда болғандығын тексеріңіз.
3. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** параметрін түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** құсбелгісі таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
4. Компьютердегі телефоныңызды көрсететін алынбалы дискке өтіп, ішкі жадты ашыңыз.
5. Компьютер және 'Музыка', 'Суреттер' немесе 'Бейнелер' сияқты телефонның ішкі жад қалталары арасында тасымалдаңыз.
6. Аяқтаған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.

Мобильдік интернетке байланыстыру және кіру нүктесі

USB кабелі немесе Wi-Fi немесе Bluetooth байланысы арқылы компьютер телефонның интернет байланысын бөлісетіндей етіп, телефонды компьютерге байланыстыра аласыз.

Байланыстыру опциялары туралы оқу үшін, **Settings (Параметрлер)** > **More... (Толығырақ...)** > **Tethering & portable hotspot (Байланыс және кіру нүктесі)** > > **Help (Анықтама)** пәрменін түртіңіз.

NFC

Near Field Communication (NFC) функциясы телефонды басқа NFC үйлесімді құрылғыға жақын ұстау (әдетте артқы жағын артқы жағына қарай) арқылы ақпаратты (контактілер, суреттер және браузер беттері сияқты) жіберуге мүмкіндік береді.

Басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **More... (Толығырақ...)** > **NFC** пәрменін түртіңіз және құсбелгі белгіленгендігіне көз жеткізіңіз. Apps > **Settings (Параметрлер)** > **More... (Толығырақ...)** > **Android Beam** түртіп, **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін басып оңға қарай тартыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Ақпаратты жіберу үшін:

1. Сурет сияқты, жіберілуі қажет нысанды көрсететін экранға өтіңіз.
2. Телефонды және басқа құрылғыны бірге (артқы жағын артқы жағына) жақын етіп ұстаңыз.
3. **Touch to Beam (Жіберу үшін түртіңіз)** опциясын көрген кезде, телефон экранын түртіңіз.

NFC функциясын қолданатын басқа қолданбалар туралы мәліметтер үшін 22-беттегі "Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)" бөлімін қараңыз.

Қауіпсіз төлем

Constellation V телефонындағы NFC функциясы SIM картаға негізделген қауіпсіз элементтер жинағы болып табылады. Бұл қолайлы SIM карта болған жағдайда, ақшасыз, қауіпсіз төлемдер үшін телефоныңызды қолдануға болатындығын білдіреді.

Қауіпсіз SIM карталар жайлы қосымша ақпарат алу үшін банкке, несиелік карта немесе желі провайдеріне хабарласыңыз.

Ескертпе: Android Beam™ функциясы барлық құрылғылармен сәйкес келетін әмбебап функция емес. Қосымша ақпараттар үшін Vertu тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефонды басқару

Жүйенің жаңартылуы

Телефондағы жүйені жаңарту туралы сымсыз хабарлама алсаңыз, жаңарту бағдарламасын жүктеп алу және орнату үшін нұсқауды орындауыңызға болады немесе хабарламаны қабылдамауды таңдауыңызға болады.

Телефондағы жаңартуларды тексеру үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **About phone (Телефон туралы)** > **System updates (Жүйелік жаңартулар)** параметрлерін түртіңіз.

Телефон жадын тазарту

Фотосуреттер, бейнелер және басқа файлдар телефонның ішкі жадында автоматты түрде сақталады.

Ескертпе: Жалпы қолжетімді ішкі жад жүйе, қолданба және пайдаланушының ақпараттық файлдары арасында бөлінген.

Телефоныңыздың ішкі жадындағы қолжетімді кеңістікті көру үшін, басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Storage (Сақтау)** параметрін түртіңіз.

Телефонның ішкі жадындағы кеңістікті босату үшін, қажетсіз файлдарды алыңыз. **Pictures, videos (Суреттер, бейнелер)** сияқты сақтау санатын түртіңіз, қалта, не файлды түртіп, ұстап тұрыңыз және > **Delete (Жою)** түртіңіз.

Кеңес: Vertu Certainty қолданбасы арқылы телефон жады және бұлт жадының қолданысын көруге болады. Қосымша ақпарат алу үшін 25 бетіндегі "Vertu қызметтері туралы" мақаласын қараңыз.

Деректер пайдалануын оңтайландыру

Телефон арқылы жүктеп салынған және жүктеп алынған дерек көлемін бақылауға болады және ай сайынғы дерек қолданысын шектеуге болады.

Ескертпе: Пайдаланылған деректер туралы ақпарат оның пайдалануын басқару үшін ұсынылған. Қызмет провайдері дерек қолданысын бірдей өлшемеуі мүмкін, сондықтан дерек төлемдерін қызмет провайдерімен тексеріңіз.

> > > **Data usage (Деректі пайдалану)**

Деректі пайдалану туралы ескерту деңгейін орнату үшін қызғылт сары панельдің оң жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Орнатылған шекке дейін жеткен кезде хабарлама көрсетіледі.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Деректі пайдалану шектеуін орнату үшін **Set mobile data limit (Трафиктік шығын шектеуін орнату)** басып, қызыл панельдің оң жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Орнатылған шекке дейін жеткен кезде хабарлама көрсетіліп, мобильдік дерек автоматты түрде өшіріледі.

Деректер роуминг параметрлері

Деректер роумингінің параметрлерін өзгерту үшін басты экранда Apps > **Settings (Параметрлер)** > **More... (Толығырақ...)** > **Mobile networks (Ұялы желілер)** > **Data roaming (Дерек роумингі)** пәрменін түртіңіз.

Ескертпе: Деректер роумингін пайдалансаңыз айтарлықтай төлем жасауыңыз мүмкін. Қызмет провайдерімен бірге деректер роумингінің шарттарын тексеріңіз.

Телефонның сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру

Google серверлеріне қолданба дерегі, Wi-Fi құпия сөздері және басқа параметрлердің сақтық көшірмесін жасау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Backup & reset (Қалпына келтіру және қайта іске қосу)** > **Back up my data (Деректі қалпына келтіру)** пәрменін түртіңіз.

Музыка, фотосурет, бейнелер және құжаттардың сақтық көшірмесін жасау үшін Google Drive™ қолданып, Apps > **Google Drive** > > **Add new (Жаңадан қосу)** пәрменін түртіңіз.

Контактілер, электрондық хаттар және күнтізбелердің сақтық көшірмелерін жасау үшін Gmail™ тіркелгіңізді пайдаланыңыз. Google синхрондау параметрін орнату үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > түртіп, Google тіркелгісін таңдаңыз.

Мәтіндік хабардың сақтық көшірмесін жасау үшін, ұсынылған Vertu қолданбасын пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, 22-беттегі "Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар)" бөлімін қараңыз.

Google тіркелгісінің сақтық көшірмесін жасау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Backup & reset (Қалпына келтіру және қайта іске қосу)** > **Backup account (Тіркелгіні қалпына келтіру)** пәрменін түртіңіз.

Қолданбаны қайта орнатқан кезде қолданба параметрлерін және деректі автоматты түрде қалпына келтіру үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Backup & reset (Қалпына келтіру және қайта іске қосу)** > **Automatic restore (Автоматты қалпына келтіру)** пәрменін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефонды автоматты құлыптауға орнату

Телефоныңызды автоматты құлыпталуға орнату үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Security (Қауіпсіздік)** > **Screen lock (Экран құлпы)** > lock type > **Automatically lock (Автоматты құлыптау)** түртіңіз. Содан кейін күту режимінен телефонды құлыптау ұзақтығын таңдаңыз.

Ескертпе: Бұл функция **Slide (Сырғыту)** құлыптау опциясына қатысты қолданылмайды.

PIN кодын өзгерту

PIN кодын орнату үшін басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Security (Қауіпсіздік)** > **Screen lock (Экран құлпы)** > **PIN** параметрін түртіңіз. Сандық PIN кодын енгізіңіз және оны растаңыз.

Телефонды құлыптан босату үшін PIN кодын енгізуді ұсыну мүмкін.

Кіру кодтары

PIN коды (4-8 сан)

PIN коды SIM картаңызды өкілетсіз пайдаланудан қорғайды немесе кейбір функцияларға кіру үшін қажет. Телефоныңызды қосқан кезде PIN кодын сұрайтындай етіп орнатуға болады. Кодты қатарынан үш рет қате енгізсеңіз, кодты PUK кодымен құлыптан босату қажет. PIN кодын өзгерту үшін, 67 бетіндегі "PIN кодын өзгерту" мақаласын қараңыз.

PUK не PUK2 коды (8 сан)

PUK немесе PUK2 кодтары PIN немесе PIN2 кодтарын құлыптан босату үшін қажет. PUK немесе PUK2 туралы мәлімет алу үшін, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

IMEI нөмірі (15 сан)

IMEI нөмірі желідегі жарамды телефондарды анықтау үшін пайдаланылады. Бұл нөмір ұрланған телефонды құлыптау үшін де пайдаланыла алады. Бұл нөмірді Vertu тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына ұсыну қажет болуы мүмкін. IMEI нөмірін көру үшін басты экранда Apps > **Settings (Параметрлер)** > **About phone (Телефон туралы)** > **Status (Күй)** > **IMEI** пәрменін нұқыңыз.

Құлыптау коды (қауіпсіздік коды - минималды 4 сан)

Құлыптау коды телефонды өкілетсіз қолданыстан қорғауға көмектеседі. Телефоныңызды анықтаған құлыптау кодын сұрайтындай етіп орнатуға болады. Осы код құпиясын сақтаңыз және телефоныңыздан бөлек жерде ұстаңыз. Кодты ұмытсаңыз және телефоныңыз құлыптаулы болса, телефонға қызмет қажет болады. Қосымша төлеу қажет болуы мүмкін және телефоныңыздағы барлық жеке дерек жойылып кетуі мүмкін.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Негізгі параметрлерді қалпына келтіру

Негізгі параметрлерге келтіру телефонды зауыттық параметрлерге қайтарып, телефондағы барлық деректерді жояды. Негізгі параметрлерді қалпына келтіруді орындау үшін басты экрандағы Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Backup & reset (Қалпына келтіру және қайта іске қосу)** > **Factory data reset (Зауыттық деректі қалпына келтіру)** параметрін түртіңіз.

Ескерту: Негізгі қалпына келтіруді орындау алдында деректің сақтық көшірмесін жасау қажет болуы мүмкін.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Кеңестер мен әдістер

Жалпы кеңестер

- Ең соңғы рет қолданылған қолданбаларды жылдам көру үшін, Recent apps (Соңғы қолданбалар) пернесін түртіңіз.
- Соңғы рет терілген нөмірлерді көру үшін, **Phone (Телефон)** > пәрменін басыңыз.
- Ескерту шамы телефоныңыздың күйі туралы үздіксіз түрде хабардар етеді.

Шам түсі	Телефон күйі
Бірқалыпты жасыл	Батарея заряды толық
Жыпықтайтын жасыл	Батарея зарядталуда
Бірқалыпты қызыл	Батарея төмен деңгейде, бірақ зарядталуда
Жыпықтайтын қызыл	Батарея төмен деңгейде және зарядталуда. Мысалы, телефон компьютерге қосулы, бірақ телефонды зарядтау үшін ток жеткіліксіз болғанда.
Жыпықтайтын көк	Қабылданған қоңырау, хабар немесе электрондық хат

- Таңдаулылар науасындағы (басты экранның төменгі жағы) жылдам теру пернелерін өңдеу үшін жылдам теру пернесін басып тұрып, кейін оны ішке не сыртқа жылжытыңыз.
- Телефоныңызды ұйқы режиміне ауыстыру үшін, Қуат пернесін басыңыз. Телефоныңызды ояту үшін Power (Қуат) пернесін басыңыз
- Әрекетсіздік кезеңінен кейін экранның ұйқы режиміне өтуін орнату үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Display (Дисплей)** > **Sleep (Ұйқы)** түртіңіз.
- Ұшақ режимін жедел қосу не өшіру үшін, Қуат пернесін > **Aeroplane mode (Ұшу режимі)** басып ұстап тұрыңыз.
- Мәтінді таңдау үшін, оны түртіп ұстап тұрыңыз. Қойындылар белгіленген мәтіннің шектерін білдіреді. Қажетті мәтінді таңдау үшін осы қойындыларды жылжытыңыз және таңдауды қиып алу, көшіру немесе қою үшін белгішелерді түртіңіз. Опцияларыңызды көру үшін, альбомдық көрініс күйінде **Edit (Өңдеу)** түртіңіз.
- Басты экраннан телефон параметрлеріне жылдам өту үшін, экранның жоғарғы жағындағы хабарландыру жолағын төмен қарай тартыңыз. Жоғарғы оң жақ бұрыштағы белгішені түртіп, содан кейін белгішесін түртіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Батареяның қызмет мерзімін ұзарту

Батарея зарядын көп тұтынатын функцияларды басқару үшін, телефон параметрлерін баптау арқылы батареяның қызмет мерзімін ұзартуға болады.

- Экран жарықтығын азайтыңыз немесе автоматты жарықтық опциясын қолданыңыз. Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Display (Дисплей)** > **Brightness (Жарықтық)** пәрменін түртіңіз.
- Фондық режимде деректер тасымалдауын өшіру үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Data usage (Деректі пайдалану)** пәрменін түртіңіз, содан кейін **Mobile data (Мобильді деректер)** қосқышын **Off (Өшірулі)** күйіне қарай жылжытыңыз.
- Wi-Fi және Bluetooth™ қызметіне арналған байланыс опцияларын өшіру үшін Параметрлерді жылдам баптау үшін, хабарландыру жолағын төмен қарай тартып, жоғарғы оң жақ бұрыштағы белгішені түртіңіз. Содан кейін өшірілуі қажет кез келген белсенді байланыс опциясын түртіңіз.

  Ескертпе: Wi-Fi өшіру тарифтік шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін.
- Телефоныңыздың электрондық поштадағы жаңа хабарларды тексеру жиілігін азайтыңыз. Электрондық пошта қолданбасын ашып, > **Settings (Параметрлер)** > тіркелгі аты > **Inbox check frequency (Поштаны тексеру жиілігі)** > жиі опция пәрменін түртіңіз.
- Мобильді деректерге арналған ұялы қызметтердің орнына мүмкін болса, Wi-Fi пайдаланыңыз.
- Мазмұны динамикалық түрде жаңартылатын виджеттер қолданысын шектеңіз. Қажет емес немесе қолданылмайтын виджеттерді алып тастаңыз.
- Тіркелгілердің синхрондалу әрекеттерін шектеңіз. Тіркелгіге арналған синхрондау параметрлерін көру және баптау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > тізімдегі тіркелгілердің бірін түртіңіз.
- Түнде телефонды аэроплан режиміне қосыңыз. Қуат пернесін басып ұстап тұрыңыз да, **Aeroplane mode (Ұшу режимі)** пәрменін түртіңіз.

Сонымен қатар, батарея қуатына ең қатты ықпал ететін функцияларды телефонының қалай және қашан қолданатындығын басқаруға мүмкіндік беретін батареяны басқаратын қолданбаларды жүктеп алуыңызға болады. Батареяны және қуатты басқаруға арналған қолданбалар бойынша біздің соңғы ұсыныстарымыз үшін VertuRecommended apps (Ұсынылған қолданбалар) қолданбасына кіріңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Жиі қойылатын сұрақтар

Сұрақтар

Телефон батареясының қызмет мерзімін қалай арттыруға болады? 71
Телефонымды пайдалану үшін Google™ тіркелгісі қажет пе? 72
Тарифтік шығындарды, әсіресе шетелде, қалай азайтуға болады? 72
Музыканы компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады? 73
iTunes музыка кітапханамды телефонымда қалай тыңдауыма болады? 73
Электрондық пошта тіркелгісін телефонда қалай баптауға болады? 74
Контактілерді телефонға қалай тасымалдауға болады? 74
Фотосуреттерді компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады? 76
Музыканы рингтон ретінде қалай орнатуға болады? 76
Телефонымдағы қаріп өлшемін қалай ауыстыруға болады? 77
Телефонымдағы соңғы бағдарлама жаңартуларын қалай тексеруге болады? 77
Байланыс неге жоқ? 77
Ішкі жады жарияланған жадыдан неге кем? 78
Телефонымды заңсыз пайдаланудан қалай қорғауға болады? 78
Телефонымның IMEI нөмірін қалай табуға болады? 78
Қоңыраулар журналын немесе жиі байланысатын адамдар тізімін қалай тазалауыма болады? 78
Телефоным неге қызады? 78
Телефонымда қалған жадының көлемін қалай анықтауға болады? 79
Фотосуретті фондық сурет ретінде қалай орнатуға болады? 79
Егер менде дерек байланысы болмаса, мен сонда да Google Maps қолданбасын қолдана аламын ба? 79

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефон батареясының қызмет мерзімін қалай арттыруға болады?

Батарея зарядын көп тұтынатын функцияларды басқару үшін, телефон параметрлерін баптау арқылы батареяның қызмет мерзімін ұзартуға болады.

- Экран жарықтығын азайтыңыз немесе автоматты жарықтық опциясын қолданыңыз. Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Display (Дисплей)** > **Brightness (Жарықтық)** пәрменін түртіңіз.
- Фондық режимде деректер тасымалдануын өшіріңіз. Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Data usage (Деректі пайдалану)** түртіңіз және содан кейін **Mobile data (Мобильді деректер)** қуат қосқышын **Off (Өшірулі)** белгішесіне қарай жылжытыңыз.
- Wi-Fi және Bluetooth™ қызметіне арналған байланыс опцияларын өшіріңіз. Параметрлерді жылдам баптау үшін, хабарландыру жолағын төмен қарай тартып, жоғарғы оң жақ бұрыштағы белгішені түртіңіз. Содан кейін өшірілуі қажет кез келген белсенді байланыс опциясын түртіңіз.

  Ескертпе: Wi-Fi өшіру тарифтік шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін.
- Телефоныңыздың электрондық поштадағы жаңа хабарларды тексеру жиілігін азайтыңыз. Электрондық пошта қолданбасын ашып, > **Settings (Параметрлер)** > тіркелгі аты > **Inbox check frequency (Поштаны тексеру жилілігі)** > жиі опция пәрменін түртіңіз.
- Мобильді деректерге арналған ұялы қызметтердің орнына мүмкін болса, Wi-Fi пайдаланыңыз.
- Мазмұны динамикалық түрде жаңартылатын виджеттер қолданысын шектеңіз. Қажет емес немесе қолданылмайтын виджеттерді алып тастаңыз.
- Тіркелгілердің синхрондалу әрекеттерін шектеңіз. Тіркелгіге арналған синхрондау параметрлерін көру және баптау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > тізімдегі тіркелгілердің бірін түртіңіз.
- Түнде телефонды аэроплан режиміне қосыңыз. Қуат пернесін басып ұстап тұрыңыз да, **Aeroplane mode (Ұшу режимі)** пәрменін түртіңіз.

Сонымен қатар, батарея қуатына ең қатты ықпал ететін функцияларды телефонның қалай және қашан қолданатындығын басқаруға мүмкіндік беретін батареяны басқаратын қолданбаларды жүктеп алуыңызға болады.

Телефонымды пайдалану үшін Google™ тіркелгісі қажет пе?

Телефоныңыз арқылы қоңырау шалу және хабарларды жіберу сияқты негізгі функцияларды Google тіркелгісіз орындай аласыз, алайда Google тіркелгісін пайдалану діттеп ұсынылады, бұл Google Play және басқа Google қолданбаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Тарифтік шығындарды, әсіресе шетелде, қалай азайтуға болады?

Тарифтік шығындарды Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Data usage (Деректі пайдалану)** > басып, **Mobile data (Мобильді деректер)** кейін **ON (ҚОСУЛЫ)** басу және оны **OFF (ӨШІРУЛІ)** күйге орнату үшін солға жылжыту арқылы өшіре аласыз. Сұрау берілген кезде **OK** басып растаңыз.

Пайдаланылатын деректер көлеміне шектеу орнатуға болады. Home (Басты бет) > > > **Data usage (Деректі пайдалану)** пәрменін түртіңіз.

Деректі пайдалану туралы ескертуді орнату үшін қызғылт сары панельдің оң жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Орнатылған шекке дейін жеткен кезде ескерту көрсетіледі.

Деректі пайдалану шектеуін орнату үшін **Set mobile data limit (Трафиктік шығын шектеуін орнату)** басып, қызыл панельдің оң жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Орнатылған шекке дейін жеткен кезде ескерту көрсетіліп, тарифтік деректер жіберілуі автоматты түрде өшіріледі.

Ескертпе: Пайдаланылған деректер туралы ақпарат оның пайдалануын басқару үшін ұсынылған. Қызмет провайдердің дерек көлемін есептеу жолы өзгешеленуі мүмкін, тарифтік дерек шығындарын қызмет провайдерінен тексеріңіз.

Тарифтік роумингті өшіруге болады. Home (Басты бет) > > > > **More... (Толығырақ...)** > **Mobile networks (Ұялы желілер)** > **Data roaming (Дерек роумингі)** пәрменін басыңыз.

Музыканы компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады?

Телефонды компьютерге алғаш рет қосқан кезде, компьютер драйверлер орнатылып жатқандығы жайлы ескертеді. Бұл драйверлерді компьютеріңізге орнату маңызды.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз.
2. Басты экрандағы күй жолағында белгішесі пайда болғандығын тексеріңіз.
3. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** параметрін түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** құсбелгісі таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
4. Компьютердегі телефоныңызды көрсететін алынбалы дискке өтіп, ішкі жадты ашыңыз.
5. Файлдарды компьютер және 'Музыка' қалтасы арасында тасымалдаңыз.
6. Аяқтаған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.

Кеңес: Орындаушының бірнеше альбом қалталары бар қалта сияқты музыка қалталары тасымалданса, бұл құрылым телефоныңызға көшіріледі.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

iTunes музыка кітапханамды телефонымда қалай тыңдауыма болады?

Оңай жолы Play Music қызметінің потенциалын құлыптан босата отырып, музыка топтамасын бұлт жадына қоятын жұмыс үстеліндегі Music Manager қолданбасын қолдану болып табылады. Қолданба iTunes® кітапханасындағы файлдары кіретін музыка файлдары үшін компьютерді сканерлейді және Play Music ішінде сіз үшін қолжетімді болатын кез келген анықталған әуендер мен альбомдарды жасайды. Егер топтамаңыздағы музыка Google Play Store бағдарламасындағы музыкаға сәйкес келсе, деректерді тасымалдау уақытын сақтай отырып, әуендерді жүктеудің қажеті де болмайды. Жаңа музыканы компьютеріңізге қосқан кезде, Music Manager бағдарламасы оны кітапханаңызға да автоматты түрде қосады. Music Manager бағдарламасы таңдаулыларды бірден тыңдай алатындай етіп, iTunes ойнату тізімдері мен рейтингтерін де қосады.

Музыка бұлт жадында болған кезде, оған Google.com сайтына қосылатын кез келген компьютерден немесе кез келген Android телефоны арқылы немесе Play Music қолданбасы орнатылған планшет арқылы қол жеткізуге болады.

Әуенді Play Music бағдарламасы арқылы телефоныңызда бірінші рет тыңдаған кезде, ән телефонда кэштеледі. Осылайша, уақыт өткеннен кейін, мысалы сіз аэропланда саяхаттаған кезде, таңдаулыларды дербес режимде тыңдау үшін автоматты түрде қолжетімді болады.

Ескертпе: Music Manager қолданбасы мен музыканы Google Play Store қызметінен тек кейбір дүкендерден сатып алуға болады.

Музыканы Google Play Music бұлт жадына қосу үшін

1. **Өзіңіздің Google Play музыка кітапханаңызға тіркеліңіз**: Бастау үшін, Google Play қолданбасына тіркеліп, Music Manager қолданбасын жүктеп алыңыз.
2. **Топтамаңызды жүктеңіз**: Music Manager қолданбасына кіріп, музыканы сақтау орнын таңдаңыз. Содан кейін Music Manager қолданбасы жүктеуді автоматты түрде бастайды.
3. **Интернеттегі және телефондағы музыкаға кіріңіз**: Play Music музыка кітапханасын орнатқаннан кейін, оған Constellation V, кез келген Android телефоны не планшеті немесе интернет бойынша кіре аласыз. Тіркеліңіз және содан кейін барлық музыка ойнатылуға дайын болады.

Электрондық пошта тіркелгісін телефонда қалай баптауға болады?

Телефоныңызда бірнеше электрондық пошта тіркелгілерін баптауға болады: корпоративтік пошта, Gmail немесе жеке электрондық пошта тіркелгілері.

Бұл тіркелгілерді баптау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Add account (Тіркелгіні қосу)** пәрменін басыңыз. Microsoft™ Exchange серверіндегі қызметтік электрондық пошта тіркелгілері үшін **Corporate (Корпоративтік)**, Gmail тіркелгілері үшін **Google** немесе жеке электрондық пошта тіркелгілері үшін **Email (Электрондық пошта)** таңдаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Контактілерді телефонға қалай тасымалдауға болады?

Контактілерді Constellation V телефонына Gmail™ тіркелгіңізбен тасымалдау үшін, оларды алдымен ескі телефондағы Comma Separated Values (.csv) файлына экспорттау қажет. Файл Gmail тіркелгіңізге импортталғаннан кейін ол автоматты түрде телефоныңызбен синхрондалады (Gmail тіркелгісі бапталған жағдайда).

1. Алдыңғы телефоныңыздағы контактілерді .csv файлына экспорттаңыз. Экспорттау туралы ақпаратты алу үшін алдыңғы телефоныңызбен бірге ұсынылған пайдаланушы құжаттамасын қараңыз.
2. Компьютеріңіздегі Gmail тіркелгісіне кіріп, 'Контактілер' > 'Контактілерді импорттау' нұқыңыз.
3. 'Шолу' нұқып, жасалған .csv файлын таңдаңыз.
4. 'Контактілерді импорттау' нұқыңыз.

Маңызды: Контактілерді Gmail тіркелгісі арқылы синхрондау дегеніміз контактілердің сақтық көшірмесі болатынын білдіреді.

Контактілерді VertuConstellation T телефонынан Constellation V телефоныңызға тасымалдау үшін:

1. Constellation T телефоныңызда контактілерді ашыңыз.
2. 'Опциялар' таңдап, тасымалдануы қажет контактілерді белгілеңіз.
3. Gmail тіркелгіңізге жіберу үшін 'Контакт картасы ретінде жіберу' > 'Электрондық пошта арқылы' таңдаңыз.
4. Gmail тіркелгіңізді не Constellation V компьютеріңізде ашыңыз.
5. Электрондық поштаны ашыңыз және 'САҚТАУ (Constellation V)' немесе тасымалдануы қажет әр контактінің астынан 'Контактілерге импорттау (ДК)' таңдаңыз. Контактілер Constellation V телефоныңыздағы контактілермен автоматты түрде синхрондалады.
6. Компьютеріңізде контактілерді өзгертуге және біріктіруге болады.

Контактілерді VertuSignature телефонынан Constellation V телефоныңызға тасымалдау үшін:

1. Vertu PC Suite компьютеріңізге орнатыңыз және баптаңыз. Vertu PC Suite бағдарламалық жасақтамасын http://www.vertu.com/en/help-and-support/user-guides-and-downloads/software-for-mac-and-pc.aspx?td=rm-266v торабынан жүктей аласыз.
2. USB кабелін пайдаланып, VertuSignature телефонын компьютерге қосыңыз және Vertu PC Suite таңдалғанына көз жеткізіңіз.
3. Vertu PC Suite ішінен синхрондау опцияларын баптаңыз. MS Outlook мақсатты объект ретінде белгілеп, телефон деректерін MS Outlook ішіне жүктеу опциясын таңдаңыз. Контактілер, күнтізбе және естеліктерді қамтитын, синхрондалуы қажет деректі таңдаңыз.
4. Синхрондауды бастаңыз.
5. Контактілер Outlook ішіне жүктелгеннен кейін, оларды кейінірек .csv файлына экспорттауға болады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

6. Компьютеріңіздегі Gmail тіркелгісіне кіріп, 'Контактілер' > 'Контактілерді импорттау' нұқыңыз.
7. 'Шолу' нұқып, жасалған .csv файлын таңдаңыз.
8. 'Контактілерді импорттау' нұқыңыз.
9. Файл Gmail тіркелгіңізге импортталғаннан кейін, ол автоматты түрде Constellation V телефонымен синхрондалады (Gmail тіркелгісі бапталған жағдайда).

Фотосуреттерді компьютерден телефонға қалай тасымалдауға болады?

Фотосуреттерді сымсыз түрде Google Drive бұлтты деректерді сақтау тіркелгісіне тасымалдап, оларға компьютеріңіз немесе Mac арқылы қол жеткізе аласыз.

Gallery (Галерея) ішінен тасымалдануы тиіс фотосуретті түртіп, белгішесін түртіңіз.

Кеңес: Бір мезгілде тасымалдау үшін бірнеше фотосуретті белгілей аласыз. Альбомның ішіндегі бірінші фотосуреттің айналасында көгілдір жиек пайда болмағанша оны түртіп, ұстап тұрыңыз да, кейін басқа фотосуреттерді таңдау үшін оларды түртіңіз.

Фотосуреттеріңізді Google Drive ішіне жүктеп алғаннан кейін, оларды компьютеріңізге жүктеңіз. Ол үшін не Google тіркелгісіне браузер арқылы қол жеткізіп, "Drive" қойындысына кіріңіз, не Google Drive клиент бағдарламасын компьютеріңізге жүктеп алыңыз.

Осымен қатар фотосуреттерді телефоныңыз және компьютеріңіз арасындағы кабель қосылымын пайдаланып тасымалдауға болады.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз. Алғаш рет орындау кезінде компьютер драйверлер орнатылып жатқандығы жайлы ескертеді.
2. Басты экранда күй панелін сүйреп, **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** құсбелгісі таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
3. Файлдарды телефонның "Суреттер" қалтасынан компьютеріңізге апарып қойыңыз.

Аяқтаған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.

Музыканы рингтон ретінде қалай орнатуға болады?

Компьютеріңізді пайдаланып әнді Constellation V телефонындағы 'Рингтондар' қалтасына көшіру қажет.

1. Телефонның микро-USB қосқышындағы микро-USB кабелін компьютердегі USB қосылымына қосыңыз.
2. Басты экрандағы күй жолағында белгішесі пайда болғандығын тексеріңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

3. Күй жолағын төмен қарай тартыңыз және **Connected as a media device (Медиа құрылғы ретінде қосылған)** параметрін түртіңіз. **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** құсбелгісі таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
4. Компьютердегі телефоныңызды көрсететін алынбалы дискке өтіп, ішкі жадты ашыңыз.
5. Файлдарды компьютер және 'Рингтондар' қалтасы арасында тасымалдаңыз.
6. Аяқтаған кезде, USB кабелін ажыратыңыз.
7. Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Sound (Дыбыс)** > **Phone ringtone (Телефон рингтоны)** > ән > **OK** пәрменін түртіңіз.

Телефонымдағы қаріп өлшемін қалай ауыстыруға болады?

Қаріп өлшемін ауыстыру үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Display (Дисплей)** > **Font size (Қаріп өлшемі)** пәрменін түртіңіз.

Телефонымдағы соңғы бағдарлама жаңартуларын қалай тексеруге болады?

Constellation V телефоныңызда соңғы бағдарламалық жасақтаманың болуын тексеру үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **About phone (Телефон туралы)** > **System updates (Жүйелік жаңартулар)** пәрменін түртіңіз.

Байланыс неге жоқ?

Желі байланысы жоғалса, экраныңыздың жоғары оң жақ бұрышынан желілік сигналдың тұрақтылығын тексеріңіз. Желілік қамтымы нашар аймақта орналасуыңыз мүмкін. Егер бұл ақаулық қайталанса, қызмет провайдерімен байланысыңыз.

Телефоныңызда тұрақты желілік байланыс болғанда, желінің (толық сигнал) индикаторы күй панелінде көрсетіледі.

Wi-Fi байланысы жоғалса, экраныңыздың жоғары жағындағы Wi-Fi күй индикаторынан байланыс тұрақтылығын тексеріңіз. Сіз ауқымнан тыс орналасуыңыз мүмкін. Wi-Fi желілерін сканерлеу үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Wi-Fi** пәрменін басыңыз. Іске қосу үшін **OFF (ӨШІРУЛІ)** белгішесін түртіп, оңға қарай жылжытыңыз. Тізімдегі желіні түртіңіз және содан кейін **Connect (Байланыстыру)** параметрін түртіңіз. **Network SSID (Желі SSID)**, **Security (Қауіпсіздік)** және **Password (Құпиясөз)** мәліметтерін енгізу қажет. Осы мәліметтерді алу үшін, желі әкімшісіне хабарласыңыз.

Телефоныңыз қосылған кезде, Wi-Fi индикаторы күй жолағында көрсетіледі.

Кеңес: Егер жергілікті Wi-Fi байланысын қолдансаңыз, көбінесе қауіпсіздік ақпаратын Wi-Fi жол жоспарлағышынан табуға болады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Ішкі жады жарияланған жадыдан неге кем?

Бұл телефоныңыздағы жүйелік файлдардың өлшеміне немесе жүктелген қолданбалардың санына байланысты болуы мүмкін. Жадының ақпаратын графикалық түрде көрсету үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Storage (Сақтау)** пәрменін нұқыңыз.

Телефонымды заңсыз пайдаланудан қалай қорғауға болады?

Constellation V телефоныңызды қорғау үшін түрлі құлыптау опцияларының ішінен таңдау мүмкіндігіңіз бар. Құлыптау түрін таңдау үшін, Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Security (Қауіпсіздік)** > **Screen lock (Экран құлпы)** пәрменін түртіп, **Slide (Сырғыту)**, **Face Unlock (Бет құлпы)**, **Pattern (Үлгі)**, **PIN** немесе **Password (Құпиясөз)** арасынан таңдаңыз.

Корпоративтік электрондық пошта тіркелгісін пайдалансаңыз, ол арнайы құлыптауды пайдалануы мүмкін.

Телефонымның IMEI нөмірін қалай табуға болады?

IMEI нөмірі желідегі жарамды телефондарды анықтау үшін пайдаланылады. Бұл нөмір ұрланған телефонды құлыптау үшін де пайдаланыла алады. Бұл нөмірді Vertu тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына ұсыну қажет болуы мүмкін. IMEI нөмірін көру үшін басты экранда Apps > **Settings (Параметрлер)** > **About phone (Телефон туралы)** > **Status (Күй)** > **IMEI** пәрменін нұқыңыз.

Қоңыраулар журналын немесе жиі байланысатын адамдар тізімін қалай тазалауыма болады?

Қоңыраулар журналын тазалау үшін, басты экраннан **Phone (Телефон)** > > > **Clear call log (Қоңыраулар журналын босату)** пәрменін түртіңіз.

Жиі байланысатын адамдар тізімін тазалау үшін, мыналардың бірін орындаңыз:

- Басты экраннан **Phone (Телефон)** > > > **Clear frequents (Жиі қолданылатын объектілерді өшіру)** пәрменін түртіңіз.
- Басты экраннан **People (Адамдар)** > > > , **Clear frequents (Жиі қолданылатын объектілерді өшіру)** пәрменін түртіңіз.

Телефоным неге қызады?

Constellation V телефоныңыз ұзақ уақыт бойы пайдаланылғанда, зарядталғанда немесе тым ыстық ортаға ұшырағанда қызуы мүмкін. Мұндай жағдайларда телефоныңызды бірнеше минутқа өшіру қажет (Қуат пернесін басып ұстап тұрып, **Power off (Қуатты өшіру)** түртіңіз).

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефонымда қалған жадының көлемін қалай анықтауға болады?

Қолжетімді жадының көлемін білу үшін Apps > **Settings (Параметрлер)** > **Storage (Сақтау)** пәрменін басыңыз. Қолжетімді жады телефонның ішкі жады бөлімінде көрсетіледі.

Осымен қатар телефоныңыздың ішкі және cloud (бұлттық) жады күйін Vertu Certainty қолданбасынан да көруге болады.

Фотосуретті фондық сурет ретінде қалай орнатуға болады?

Түсірілген фотосуретті фондық сурет ретінде орнату үшін басты экран панельдерінің біріндегі бос орынды түртіп ұстап тұрыңыз да, кейін **Gallery (Галерея)** түртіп, фотосуретті таңдаңыз. Өлшеміне байланысты фотосуретті кесу қажет болуы мүмкін.

Егер менде дерек байланысы болмаса, мен сонда да Google Maps қолданбасын қолдана аламын ба?

Картаны дербес режимде қолдануға болатындай етіп, деректерді Google Maps қолданбасынан телефонға сақтай аласыз. Бұл функция дерек байланысы болмаған жағдайда пайдалы болып табылады және ол деректерді тасымалдау шығындарын азайтады.

Картаны телефонға сақтау үшін, Google Maps қолданбасындағы аймаққа қараңыз және содан кейін > **Make available offline (Дербес режимді қолжетімді ету)** пәрменін түртіңіз. Егер таңдалған аймақты баптау қажет болса, карта масштабын ұлғайту немесе кішірейту үшін қысуға болады. Карта деректерін жүктеп алу үшін **DONE (ДАЙЫН)** түртіңіз.

Кеңес: Карта деректерінің блоктары 100 Мб дейін болады. Сондықтан Vertu компаниясы жүктеп алу алдында Wi-Fi желісіне қосылуды ұсынады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Аксессуарлар

Батареяны зарядтау құрылғысы

Телефонмен бірге берілген қабырға зарядтау құрылғысы сіздің аймағыңызға үйлесімді болуы тиіс. Дегенмен, зарядтау құрылғысын розеткаға тығу алдында, айнымалы ток розеткасының электрлік деңгейі зарядтау құрылғысына сәйкес келетіндігін тексеруіңіз қажет.



Constellation V батареясы жүйелі аралық бойынша зарядтауды талап етеді. Батареяны зарядтау алдында, оның заряды толығымен таусылмауы қажет.

Телефонды зарядтау жайлы қосымша ақпарат үшін, 13-беттегі "Телефонды зарядтау" бөлімін қараңыз.

Басқа зарядтау опциялары

Батареяны келесілерді қолдану арқылы зарядтауға болады:

- Үйлесімді компьютер (бұл әдіс деректер байланысын да қамтамасыз етеді)

Деректерді тасымалдау кабелі

USB деректерді тасымалдау кабелі Constellation V телефоны мен үйлесімді компьютер арасында деректерді тасымалдауға мүмкіндік береді.

Ескертпе: Екі microUSB кабельдері мыналарды қамтиды: 1200 мм (CA-209DV) бір microUSB кабелі және 250 мм (CA-210DV) бір microUSB кабелі.

1. USB деректерді тасымалдау кабелін Constellation V microUSB қосқышына жалғаңыз. Кабель USB белгісінің үстіне дұрыс енгізілгендігіне көз жеткізіңіз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

2. Кабельді компьютердің USB портына жалғаңыз. Телефон зарядталуды бастайды және USB байланыс режимдері қолжетімді болады. Келесідей опцияларды таңдау үшін, күй мен хабарлама жолағын төмен қарай ысырыңыз.

   Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP)) — телефон мен компьютер арасындағы мультимедиа файлдарын тасымалдауға арналған.

   Camera (PTP) (Камера (PTP))— **Media device (MTP) (Медиа құрылғы (MTP))** арқылы қолдау көрсетілмейтін суреттерді және басқа да файл түрлерін телефон мен компьютер арасында тасымалдауға арналған.

Сымды стерео құлаққап

Constellation V телефонымен бірге микрофоны және орнатылған дауысты басқару элементтері бар сымды стерео құлаққабы беріледі. Оны телефондағы құлаққап қосқышына жалғаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Сипаттамалар

Сипаттамалар

Өлшемдер

- Ұзындығы: 142.2 мм
- Ені: 70.4 мм
- Қалыңдығы: 11.2 мм
- Салмағы: 179 г

Қызметтер

- Vertu Certainty және Vertu Life

Кіріс пошта

- Constellation V телефоны
- Былғары телефонның жылжымалы корпусы
- Төрт аймақтық тығын бастары бар қабырғалы зарядтау құрылғысы (AC-31)
- 1200 мм микро-USB кабелі (CA-209DV)
- 250 мм микро-USB кабелі (CA-210DV)
- Сымды стерео құлаққап
- Жылтырату матасы
- Жылдам іске қосу нұсқаулығы, кепілдік буклеті, түпнұсқалық картасы және веб-торап ақпараттық картасын қамтитын қосымша бума

Операциялық жүйе

- Android™ 4.2.2, Jelly Bean

Жабдық сипаттамалары

- Qualcomm® Snapdragon™ dual-core 1,7 ГГц
- 4,3 дюйм, 720p ажыратымдылығы жоғары, айқын, жоғары контрастты дисплей
- AF және қос жарық диодты жарқылы бар 13 МП негізгі камера
- HD алдыңғы камера
- 32 Гб ішкі жад

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

- GPS/GLONASS және компас
- Бағдарлау және ойын ойнауға арналған гирометр және акселерометр

Батарея

- Ішкі 1800 мА/сағ литий-ионды
- Сөйлесу уақыты: 14 сағат, 30 минутқа дейін (WCDMA)
- Күту режимі: 405 сағатқа дейін

Байланыс

- Төрт диапазонды GSM 850/900/1800/1900 МГц
- WCDMA диапазондары I, II, IV, V, VIII
- HSPA+, 24 санатты, 42 Мбит/сек төмен түсетін байланыс желісі, 6 санатты 5,76 Мбит/сек спутниктік байланыс желісі
- WLAN 802.11 a, b, g, n, ҚХР үшін WAPI қоса
- Микро-USB жүйесінің қосқышы
- 3,5 мм дыбыс ұяшығы
- Bluetooth v4 + LE
- CSR aptX® қолдау көрсетілуі
- NFC + SIM негізделген қауіпсіз элемент
- Wi-Fi кіру нүктесі (мобильдік интернетке байланыстыру және кіру нүктесі)

Қолданбалар

- Google Play, Gmail, Google Chrome, Google+, Google Maps, Google Drive бұлт жадында сақтау, YouTube™ және басқа қызметтерді қамтитын Google Mobile қызметтері.
- Браузер, калькулятор, күнтізбе, камера, сағат, жүктеулер, электрондық пошта, галерея, хабарлама жіберу, бейне студиясы, адамдар, телефон және параметрлер.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Телефоныңызды күту

Жалпы күтім жасау

Егер Constellation V телефоны немесе кез келген қосымша құрылғылары тиісті түрде жұмыс істемей тұрса, Vertu дилеріне хабарласыңыз.

- Constellation V телефонын әрқашан құжатталған әдіс бойынша қолданыңыз. Дұрыс емес қолдану жұмыс істеу өнімділігіне әсер етеді.
- Constellation V телефонын ашып, бөлшектеуге тырыспаңыз. Ашу қажет болатын тек жалғыз бөлік - SIM карта орны. Constellation V телефонына тек Vertu сенімді маманы арқылы қызмет көрсетіледі.
- Constellation V телефонына нашар қарамаңыз немесе теріс пайдаланбаңыз.
- Тек Vertu арқылы мақұлданған қосымша құрылғыларын қолданыңыз.
- Бірге берілген зарядтау құрылғысы тек Constellation V телефонымен қолдануға арналған. Оларды басқа кез келген басқа құрылғылармен қолданбаңыз себебі ол телефонға, батареяға немесе зарядтау құрылғысына түзетілмес зақым келтіруі мүмкін.
- Constellation V телефонын, барлық бөліктерін және қосымша құрылғыларын кішкентай балалардың немесе үй жануарларының қолжетімділігінен тыс жерде сақтаңыз.
- Constellation V телефонына немесе қосымша құрылғыларына сұйықтық тиюіне және ылғал, шаң немесе кір болуына жол бермеңіз.
- Constellation V телефонын аса жоғары температура ықпалына түсірмеңіз, себебі ол батарея жұмысының уақытша тоқтауына алып келеді. Жұмыс істеу өнімділігі, әсіресе, мұздатудан төмен температураларда шектеледі.
- Constellation V телефонына бояуды немесе соған ұқсас басқа заттарды қолданбаңыз.
- Constellation V телефонын тазалау үшін тек жұмсақ, таза матаны қолданыңыз. Химиялық заттарды, жуу құралдарын, ысқыш заттар немесе кез келген сұйықтықтарды қолданбаңыз. Камера объективін тазалау үшін мақта таяқшаларын қолданыңыз.

Безендіру

Vertu келесі жағдайларға жол бермеуге кеңес береді:

- Жарық сәуленің, жылудың және ылғалдықтың тікелей әсер етуі
- Беттеріне дақ немесе сызат түсіретін бұйымдар мен заттарға тиюі

Егер Constellation V телефоны су болып қалса, оны дереу жұмсақ, су сорғыш матамен құрғатыңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Экзотикалық былғарылар

Vertu компаниясы кейде экзотикалық былғарыны шамадан тыс қысым түсірмей, көлеміне қарай сәл ғана дымқыл, жұмсақ матамен сүртуді ұсынады.

- Егер телефоныңыз кенеттен су болып қалса, оны дереу жұмсақ, су сорғыш матамен құрғатыңыз.
- Жарық сәуленің, жылудың және ылғалдықтың тікелей әсер етуін, сонымен қатар беттеріне дақ немесе сызат түсіретін бұйымдар мен заттарға тиюін болдырмау қажет.
- Vertu компаниясы телефонды қолданбаған кезде, оны сөмкеде сақтауды ұсынады.

Былғары

Vertu маманы арқылы қолданылған былғарының әрбір бөлігі бірегей болып табылады. Терідегі табиғи таңбаларды керемет былғары ерекшелігінің бір бөлігі деп санау қажет. Барлық былғары зақымдалуы мүмкін сондықтан оған күтіммен қарау керек.

Келесілерді болдырмаңыз:

- Су немесе жоғары ылғалдықтың әсер етуі
- Құлату, қажалу немесе қатты беттерге соғылуы
- Экстремалдық температуралардың әсер етуі
- Май беттерге, бояуларға және еріткіш заттарға тиюі

Қымбат емес металдар

Vertu металдары жоғары стандартқа сай жасалған және олардың сыртқы пішінін сақтау үшін ерекше күтім қажет.

Келесілерді болдырмаңыз:

- Еріткіш заттар, сілтілі және қышқыл ерітінділер сияқты химиялық заттар, колаға негізделген сусындардың және тұзды судың тиюі. Егер тиіп кетсе, таза, жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Өткір заттарға тиюі
- Қатты заттардың бетіне құлауы немесе соғылуы
- Металл жылтырының тырналуы

Қымбат металдар

Алтын және платина сияқты қымбат металдарда өте жұмсақ қоспа бар, сондықтан осы материалдарды қамтитын Vertu өнімін қолдану кезінде ерекше күтім талап етіледі.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Асыл тастар

Асыл тастар ерекше қатты және берік болып табылады, бірақ олар сәйкесінше пайдаланылмаса зақым келуі мүмкін. Мысалы, қатты жерге соғылуынан олар сынуы мүмкін немесе олардың параметрі зақымдалуы мүмкін, нәтижесінде тас босап, түсіп қалуы мүмкін.

Гауһар тасты сақина және гауһар тасты сырғалар сияқты басқа зергерлік бұйымдарға тиіп кетуін болдырмаған жөн, себебі олар тасқа және оның параметріне сызат түсіріп, ұсақтауы мүмкін. Жіптердің тастарға ілініп, тастарды босатуына жол бермеу үшін дұрыс күтім қажет болып табылады.

Vertu телефоны қолданылмаған кезде әсіресе қол сөмкелерінде және басқа багажда жатқан кезде Vertu былғары қалтада сақталуын ұсынамыз.

Егер тастарды қолдану қызықсыз бола бастаса, өнімді Vertu микроталшықты жылтырату матасын қолданып сәл ғана жылтыратып өңдеуге болады.

Сапфир және керамика

Сапфир және керамика өте қатты металдар, бірақ сонымен бірге сынғыш болып табылады және қаттырақ металдар немесе заттар арқылы сызат түсуі мүмкін. Сонымен қатар оларды құлатып алса, оларға зақым келеді.

Келесілерді болдырмаңыз:

- Гауһар тасты зергерлік бұйымдарға, тырнақ егеуішіне, ысқыш және минералды кристалдарға тиюі
- Өнімді қатты жерлерге құлату немесе соғу
- Қатты жерлерге қажалудың қайталануы

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Қауіпсіздік және кепілдік

Қауіпсіздік мәтіні

Жеткізілім бумасы бірнеше әр түрлі өнімдер мен бөлшектерден тұруы мүмкін (бұдан әрі "Өнім" ретінде белгілі), мысалы әр түрлі зарядтау құрылғылары бар телефон. Келесі қарапайым нұсқаулар барлық өнімдер мен бөлшектерді қамту үшін арналған. Нұсқауларды орындамау жеке қауіпсіздік немесе деректер, өнімді зақымдау немесе заң талаптарын сақтамауға әкелуі мүмкін.

Медициналық түсініктер

Радио таратқыш жабдық операциясы сымсыз телефондармен қоса дұрыс қорғалмаған медициналық құрылғылардың функциясына кедергі жасауы мүмкін. Медициналық құрылғылар сыртқы РЖ (радиожиілік) энергиясынан дұрыс қорғалғанын анықтау үшін дәрігер немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Медициналық құрылғылар өндірушілері сымсыз құрылғы мен кардиостимулятор немесе имплантталған дефибриллятор сияқты имплантталған медициналық құрылғы арасындағы минималды қашықтық 15,3 сантиметр (6 дюйм) болуын ұсынады. Сондай-ақ, мұндай құрылғыларға ие тұлғалар:

- Телефонды төс қалтада тасымаңыз.
- Телефонды медициналық құрылғыға қарама қарсы құлаққа ұстаңыз.
- Егер кедергінің кез келген себебі байқалса, телефонды өшіріңіз.
- имплантталған медициналық құрылғы үшін өндіруші нұсқауларын орындаңыз.

Егер имплантталған құрылғыны сымсыз құрылғымен пайдалану туралы сұрақтарыңыз болса, денсаулық сақтау мекемесіне хабарласыңыз.

Есту қабілетінің ықтимал зақымдалуынан сақтау үшін, ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдамаңыз. Құлаққапты пайдалансаңыз, сыртқы дыбыстарды есту мүмкіндігіңізге әсер етуі мүмкін. Қауіп тудыратын орында құлаққапты пайдаланбаңыз. Құлаққап арқылы орташа деңгейде тыңдаңыз және үндеткішті пайдалану кезінде құрылғыны құлаққа жақын ұстамаңыз.

HAC Цифрлық құлаққаптар үшін Есту аппаратының үйлесімділігі (EAY)

Телефоныңыз есту аппаратының үйлесімділігін реттейтін ФБК (Федералдық байланыстар комиссиясы) ережелерімен сай болып табылады. Кейбір сымсыз құрылғылар кейбір есту аппараттарына кедергі жасауы мүмкін. Толық есту аппаратының үйлесімділігі үшін Bluetooth байланысын өшіру керек.

ФБК сымсыз есту аппаратының үйлесімділік ережелері есту қабілеті нашар тұтынушылар радиожиілік (РЖ) кедергісі немесе басқа техникалық кедергілерге тексермей құлаққаптардың көптеген түрлері арқылы сымсыз қосылымдар қызметтеріне кіре алатындығына кепілдік береді.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Құлаққаптардың есту аппараты үйлесімділігін анықтау және өлшеу үшін, ФБК қосымшалары ANSI C63.19 2007 нұсқасы және 2011 нұсқасы; ANSI C63.19 стандарты цифрлық құлаққаптардың M дәрежелі және T дәрежелісін анықтауға арналған сынау процедураларын көрсетеді.

Егер құлаққап ANSI C63.19 сәйкес M3 немесе M4 дәрежесіне сай болса, акустикалық қатынасқа арналған есту аппараты үшін үйлесімді деп есептеледі. Егер құлаққап ANSI C63.19 сәйкес T3 немесе T4 дәрежесіне сай болса, индуктивтік қатынасқа арналған есту аппараты үшін үйлесімді деп есептеледі. (Барлық есту аппараттарының ішінде катушка бола бермейді.) Бұл құрылғы ANSI C63.19 2007 нұсқасына сәйкес сыналды және M3/T4 дәрежесіне сай болып табылады.

Бұл телефон пайдаланылатын сымсыз технологиялардың кейбірін есту аппараттарымен пайдалану үшін сынақтан өткізілді және дәрежеленді. Дегенмен, бұл телефонда есту аппараттарымен пайдалануға арналған сыналмаған жаңа сымсыз технологиялар болуы мүмкін. Есту аппараты немесе кохлеарлық имплантат арқылы кез келген кедергі шудың естілу-естілмеуін анықтау үшін бұл телефонның әр түрлі мүмкіндіктерін толығымен пайдалану маңызды болып табылады. Есту аппаратының үйлесімдігі туралы ақпарат алу үшін қызмет провайдері немесе Vertu тұтынушыға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Қайтару немесе алмастыру саясаттары туралы сұрақтарыңыз болса, Vertu тұтынушыға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Шектеулі немесе қауіпті аймақтарда телефонды өшіру

Ұялы телефонды пайдалану рұқсат етілмеген жерде немесе кедергі, не қауіп тудыратын жерде, мысалы, медициналық жабдық, отын, химикаттар, не жарылатын аймақтардың жанында телефонды өшіріңіз.

Саяхаттау кезіндегі ұшақ профилі

Арнайы телефонды өшіру туралы сұрау болмаса, Ұшақ (дербес) профильді таңдай аласыз, бұл қоңыраулар жасау немесе қабылдау, ұялы желі қамтуын талап ететін басқа мүмкіндіктерді пайдалану мүмкін еместігін білдіреді. Дегенмен, жедел қоңырауларды жасай аласыз.

Көліктерде пайдалану

Радио сигналдар автокөліктегі электрондық отын бүрку, электрондық құлыптауға қарсы тежегіштері, электрондық жылдамдықты басқару және қауіпсіздік жастығы жүйелері сияқты дұрыс емес орнатылған немесе дұрыс қорғалмаған электрондық жүйелерге әсер етуі мүмкін. Қосымша ақпарат үшін, көлік немесе осы жабдық өндірушісіне хабарласу қажет.

Мамандандырылған қызметкерлер ғана көлікке телефонды орнатуы қажет. Ақаулы орнату немесе қызмет қауіпті болуы мүмкін және кепілдікті жарамсыз етуі мүмкін. Көлігіңіздегі барлық сымсыз құрылғы жабдығы орнатылғанын және дұрыс жұмыс істейтіндігін жүйелі түрде тексеріңіз. Жанғыш заттар, газдар немесе жарылғыш заттарды телефон, оның бөлшектері немесе аксессуарларымен бір бөлмеде сақтамаңыз немесе тасымаңыз. Қауіпсіздік жастықтары үлкен қысыммен үрленетіндігін есте сақтаңыз, сол себепті телефон немесе аксессуарларды қауіпсіздік жастығының ашылу аймағына қоймаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Өнімді балалардан алыс ұстау

Телефон, барлық бөлшектерін және аксессуарларын кішкентай балалар немесе үй жануарларынан алыс ұстаңыз. Олай істемеу оларды қауіпке ұшыратуы және кепілдікті жарамсыз етуі мүмкін.

Жолдағы қауіпсіздік бірінші орында тұрады

Барлық жергілікті заңдарды сақтаңыз. Автокөлікті жүргізу барысында қолда телефон болмауы тиіс. Назарыңыз ең алдымен жол қауіпсіздігінде болуы қажет.

Білікті қызмет

Өнімді тек білікті қызметкерлер орната алады немесе жөндей алады.

Батареялар, зарядтау құрылғылары және басқа аксессуарлар

Егер өнім ішкі батареядан тұрса, ол қайта зарядтауға арналған және алынбауы тиіс, Vertu желілік зарядтау құрылғысынан (AC-31) немесе үйлесімді компьютерден қуат алу кезінде пайдалану үшін арналған. Батареяны алуға талпынбаңыз, себебі оған зақым келтіруіңіз мүмкін.

Жаңа батареяның толық өнімділігіне екі немесе үш толық зарядтау және ажырату циклдерінен кейін ғана жетеді. Құрылғыдағы батареяны жүз рет зарядтауға және ажыратуға болады, бірақ ол бірте-бірте тозады. Құрылғының өнімділігі төмендеді деп ойласаңыз (мысалы, телефонда сөйлесу немесе күту уақыты қалыптыдан қысқарақ екендігі білінсе), алынатын болса батареяны ауыстырыңыз немесе алынбайтын болса, сәйкес құрылғымен бірге жақын өкілетті қызмет көрсету орталығына апарыңыз.

Батареяны тікелей тағайындалуы бойынша пайдаланыңыз.
Зақымдалған зарядтау құрылғысын немесе батареяны ешқашан пайдаланбаңыз.
Тек Vertu растаған батареяларды пайдаланыңыз және батареяңызды Vertu растаған құрылғыға тағайындалған зарядтау құрылғыларымен ғана қайта зарядтаңыз.
Расталмаған батарея немесе зарядтау құрылғысын пайдалану өрт, жарылу, кему немесе басқа қауіпке әкелуі мүмкін. Басқа, үйлесімсіз құрылғыларды зарядтау құрылғыларына қоспаңыз.
Зарядтау құрылғысы пайдаланылмайтын кезде қуат көзінен және құрылғыдан ажыратыңыз.
Толық зарядталған батареяны зарядтау құрылғысына қосулы күйде қалдырмаңыз, себебі артық зарядтау батареяның жарамдылық мерзімін қысқартады.

Ұяшықтар мен батареяларды бөлшектеуге, кесуге, ашуға, сындыруға, майыстыруға, деформациялауға, тесуге болмайды. Батареяның кемуі кезінде сұйықтың тері немесе көздерге әсер етуіне мүмкіндік бермеңіз. Мұндай кему кезінде тері немесе көздерді сумен дереу жуыңыз не медициналық көмекке жүгініңіз.

Өзгертуге, қайта өндіруге, бөгде заттарды батареяға енгізуге, суға немесе басқа сұйықтықтарға батыруға болмайды. Батареяны дұрыс емес пайдалану өрт, жарылыс немесе басқа қауіпке әкелуі мүмкін. Егер құрылғыны немесе батареяны құлатып алсаңыз, әсіресе қатты бетке және батарея зақымдалды деп ойласаңыз, оны пайдалануды жалғастырмас бұрын жақын қызмет көрсету орталығына тексертуге апарыңыз. Егер телефон батареясы ұзақ уақыт пайдаланылмаған болса,

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

онда оны қайта зарядтамас бұрын зарядтау құрылғысына қосып, ажыратып қайта қосу қажет. Батарея заряды толығымен аяқталса, зарядталу индикаторы дисплейде көрсетілгенше немесе қоңырау шалу мүмкін болғанша бірнеше минут қажет болады.

Құрылғыны құрғақ күйде ұстаңыз

Өніміңіз толығымен су өткізбейтін болып табылмайды, сол себепті құрғақ ұстаңыз.

SIM карта

Constellation V телефоны нано-SIM картасымен қолдануға арналған. Микро-SIM карталарына сенімді Vertu бөлшек сауда дүкенінен алуға болатын арнайы микро-SIM картасын салу құрылғысы арқылы қолдау көрсетіледі. Стандартты SIM карталарға қолдау көрсетілмейді.

Үйлесімсіз SIM картаны немесе Vertu жабдықтамаған адаптерді пайдалану карта немесе телефонға және картада сақталған дерекке зақым келтіруі мүмкін.

IMEI нөмірі және сәйкестік нөмірі

IMEI нөмірін табу үшін, *#06# ретін телефонға теріңіз. Телефоныңыздың бірегей 15 таңбалы IMEI код лезде көрсетіледі. Телефоныңызды жоғалтқан немесе ұрланған жағдайда тауып алу үшін, оны жазып алып қауіпсіз орында сақтаңыз. Сондай-ақ, IMEI нөмірін сәйкестік белгісін тексеру арқылы таба аласыз (бұл белгіні табу үшін телефонның анықтамалық нұсқаулығына қараңыз).

WLAN

WLAN байланысының қауіпсіздігін арттыру үшін шифрлауды пайдаланыңыз.

Құлаққап қосқышы

Шығыс сигналын жасайтын өнімдерге қоспаңыз, себебі бұл телефонның зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Құлаққап қосқышына ешбір кернеу көзін қоспаңыз. Егер сыртқы құрылғыны немесе құлаққапты қоссаңыз, Vertu растағандардан басқа, дыбыс деңгейлеріне аса назар аударыңыз.

Камера жарқылы

Камерадағы жарқылды пайдалану кезінде қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Адамдар немесе жануарлар жақын кезде жарқылды пайдаланбаңыз. Суретке түсіру кезінде жарқылды жаппаңыз.

Телефонды зиянды заттардан қорғау

Телефоныңызға вирустар және басқа зиянды заттар әсер етуі мүмкін. Келесі алғышарттарды сақтаңыз:

- Хабарларды ашу кезінде абай болыңыз. Олар зиянды бағдарламадан тұруы мүмкін немесе телефон не компьютерге зиянды болуы мүмкін.
- Байланыс сұрауларын қабылдау, интернетті шолу немесе мазмұнды жүктеп алу кезінде абай болыңыз.
- Сенімсіз көздерден Bluetooth қосылымдарын қабылдамаңыз.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

- Сенімді және дұрыс қорғаныс ұсынатын көздердің қызметтері мен бағдарламасын ғана орнатыңыз және пайдаланыңыз.
- Телефон және кез келген қосылған компьютерге антивирус пен басқа қауіпсіздік бағдарламасын орнатыңыз. Бір уақытта бір ғана антивирустық қолданбаны пайдаланыңыз (бірнешеуін пайдалану телефон және/немесе компьютердің өнімділігі мен жұмысына әсер етуі мүмкін).
- Егер алдын ала орнатылған бетбелгілер мен үшінші тараптың интернет тораптарының сілтемелеріне кіретін болсаңыз, тиісті алғышарттарды сақтаңыз. Vertu мұндай тораптарды жақтамайды немесе жауапты емес.

Bluetooth жасырын режимі

Bluetooth көрерлігі жасырын күйіне орнатылған кезде телефонды басқару - зиянды бағдарламаны болдырмаудың қауіпсіз жолы. Немесе, Bluetooth функциясын толығымен өшіріңіз (бұл телефондағы басқа функцияларға әсер етпейді).

Магнит өрістері

Телефоныңызды магниттер немесе магниттік өрістерден алыс ұстаңыз.

Антенналар

Антенналар тарату немесе қабылдау кезінде қажетсіз оларды түртпеңіз. Антенналарға тию байланыс сапасына әсер етіп, жұмыс кезінде жоғарғы қуат деңгейіне байланысты батарея қызметінің мерзімін төмендетуі мүмкін.

Сақтық көшірмелер

Маңызды деректі қауіпсіз сақтау үшін, оны телефон немесе ДК сияқты кемінде екі бөлек орында сақтаңыз.

Өнімді жөндеу немесе алмастыруға дейін сақтық көшірмені жасау маңызды болып табылады, себебі бұл операциялар барысында дерек пен мазмұн жойылуы мүмкін.

Цифрлық құқықтарды басқару (ЦҚБ)

Телефонды пайдалану кезінде барлық заңдарды сақтау талап етіледі, жергілікті дәстүрлерді, құпиялылықты сақтаңыз және авторлық құқықтарды қоса басқалардың құқықтарын бұзбаңыз. Авторлық құқықты қорғау кескіндерді, музыканы және басқа мазмұнды көшіру, өзгерту немесе тасымалдаудан қорғауы мүмкін.

Қосымша күтім және техникалық қызмет көрсету

Сату бумасындағы өнім бір немесе бірнеше жетілдірілген электрондық құрылғылардан тұрады.Сондықтан Vertu осы құрылғылармен және осы құрылғылар үшін жабдықталған нұсқаулармен таныс болуыңызды қатаң түрде ескертеді.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Кепілдендірілген қызмет көрсетуді сақтау үшін алдыңғы "ҚАУІПСІЗДІК МӘТІНІН" және төмендегіні қарап шығуыңыз қажет:

- Өнімді әрқашан құжатталған әдіспен қолданыңыз.
- Сіздің өніміңіз айқындылығы жоғары дисплейлерден, камера объективтерінен және тағы сол сияқты бөліктерден тұрады, сондықтан олардың сырылып кетуін немесе басқа да зақымдарды болдырмау үшін аса мұқият күтім жасаңыз.
- Бекітілген ішкі батареяны немесе жад картасын шығарып алуға әрекеттенбеңіз.
- Өнімді шаң-тозаңнан және кірден таза ұстаңыз.
- Өнімді шамадан тыс температура ықпалына түсірмеңіз себебі ол батарея жұмысының уақытша тоқтауына алып келеді. Жұмыс істеу өнімділігі, әсіресе, мұздатудан төмен температураларда шектеледі.
- Өнімге немқұрайлы қарамаңыз немесе жөнсіз пайдаланудан аулақ болыңыз.
- Өнімді боямаңыз.
- Өнімді тазалау үшін тек жұмсақ, таза матаны қолданыңыз. Химиялық заттарды, жуу құралдарын, абразивті заттар немесе кез келген сұйықтықтарды қолданбаңыз. Телефонның камера объективін тазалау үшін мақта таяқшаларын қолданыңыз.

Арнаулы телефон күтімі

- Телефон экранының сырылуын болдырмаңыз. Экранға қалам, қарындаш немесе басқа да өткір заттарды қолданбаңыз.
- Керамика мен сапфирді қорғау үшін телефонды қатты жазықтыққа лақтырмаңыз, соқпаңыз немесе үйкемеңіз. Сонымен қатар, gayhar тасты зергерлік бұйымдарға, тырнақ егеуішіне, абразивті және минералды кристаллдарға тигізбеңіз.
- Барлық былғары зақымдалуы мүмкін сондықтан оған күтіммен қарау керек. Сондықтан, шамадан тыс температура немесе су және дымқылдығы жоғары заттан қорғаумен қатар, майлы заттардан, косметикалық заттардан және түрлі еріткіштерден аулақ ұстаңыз.
- Телефонның металл бөліктерінің өткір заттарға, металл жалтырақтар және еріткіштер, сілтілі және қышқыл ерітінділерге, кола негізді сусындарға және тұзды суға тигізбеңіз. Егер тиіп кетсе, бетін барынша таза, жұмсақ матамен сүртіңіз.

Өндірушінің шектеулі кепілдігі

Бұл шектеулі кепілдік ауызша, жазбаша, (міндетті емес) заңмен бекітілген, келісімшарт бойынша азаматтық құқық бұзушылықтағы басқа барлық Vertu кепілдіктері мен жауапкершіліктерін алмастырады, олай болмаған жағдайда шектеусіз және заңмен рұқсат етілген кез-келген шарттар, кепілдік немесе басқа шарттарды қанағаттанарлық сапа немесе нақты мақсат үшін алмастырады. Алайда бұл шектеулі кепілдік төмендегілерді рұқсат етпейді немесе шектемейді: i) сөйкес ұлттық заң нормаларындағы (заңмен бекітілген) құқығыңызды немесе ii) өнімді сатушыға қатысты құқығыңызды.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Осы шектеулі кепілдікке сәйкес Vertu компаниясы сізге (өнімді сатып алушы) кепілдіктің жарамды мерзімінде, коммерциялық жауапты уақытында материалдағы, өнім дизайнындағы және дайындау сапасындағы ақауларды тегін жөндеу арқылы жою, немесе Vertu компаниясы қажет деп санаған жағдайда өнімді ауыстырып беру кепілдігін береді.

Кепілдіктің жарамды мерзімі

Кепілдік пайдаланушы өнімді сатып алған уақыттан бастап өз күшіне ие болады. Түрлі жеке өнімдер мен өнімнің бөліктері кепілдігінің жарамдылық мерзімі әр түрлі болуы мүмкін. Кепілдіктің жарамдылық мерзімінің түрлі болуы:

a. Қалта телефоны мен кез-келген ішіндегі бекітілген батарея үшін жиырма төрт (24) ай.

b. a) тармағында көрсетілген батареялардан басқа барлық батареялар үшін он екі (12) ай (қалта телефонының сату бумасында ауыстырмалы элемент ретінде енгізілсе де, аксессуар ішіне бекітілсе де немесе бөлек сатылса да)

c. Жоғарыда көрсетілмеген аксессуарлардан басқа барлық аксессуарлар үшін он екі (12) ай.

Ұлттық заң нормаларының рұқсаты бойынша белгілі бір кепілдіктің жарамдылық мерзімі ұзартылмайды немесе жаңартылмайды немесе кейінгі қайта сатуға, Vertu компаниясының жөндеуіне, өнімді ауыстыруына байланысты еш әсерге ұшырамайды. Алайда, кепілдіктің жарамды мерзімінде жөнделген кез-келген бөлік немесе ауыстырылған өнім жөндеу күнінен бастап 12 айға кез-келген зақымға кепілденеді немесе өз кепілдігінің жарамды мерзімі ұзағырақ болса сол мерзім бойынша кепілдендіріледі.

Кепілдік қызметіне қалай қол жеткізуге болады?

Осы шектеулі кепілдік бойынша шағымданғыңыз келсе өнімді немесе зақымдалған бөлігін (бүкіл өнім болмаса) Vertu өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниясына қайтарыңыз. Шағымдану туралы толық ақпаратты Vertu қызмет көрсету орталығына хабарласа аласыз (мемлекеттік немесе үстеме ақы қолданылуы мүмкін). (Vertu өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниялары мен қоңырау орталықтары туралы тауар бумасынан немесе жергілікті Vertu веб-торабынан таба аласыз.)

Осы шектеулі кепілдік бойынша кез-келген шағым Vertu компаниясын немесе Vertu өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниясын өзіңіз байқаған ақау туралы кепілдік мерзімін өткізбей хабардар ету арқылы жасалуы қажет.

Осы шектеулі кепілдік бойынша шағым жасаған уақытта сізден келесілер талап етіледі: a) зақымдалған өнім (немесе зақымдалған бөлік) және b) сатушының аты мен мекенжайы, сатып алу күні мен орны, өнім түрі және IMEI немесе басқа да сериялы нөмірі айқын көрсетілген сатып алу туралы дәлелдеме қағазы.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Кепілдік нені қамтымайды?

1. Бұл шектеулі кепілдік пайдаланушы нұсқаулығына немесе басқа да үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасына, параметрлерге, мазмұнға, өнімге енгізілген немесе жүктеп алынған дерек немесе сілтемелер, орнату, жинау, жөнелту немесе жеткізу тізбегінің кез-кезген уақытында немесе өз тарапыңыздан енгізілген зақымдау үшін жауапты емес. Осындай үшінші тарап қолданбасын пайдалану арқылы бар күйінде қамтамасыз етілгенін мойындайсыз. Vertu компаниясы ешбір Vertu бағдарламалық жасақтамасының үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасымен бірігіп жұмыс істейтіндігіне, бағдарламалық жасақтаманың ешбір кедергісіз және қатесіз жұмыс істейтіндігіне, немесе бағдарламалық жасақтамадағы кез-келген ақау түзетілетініне немесе түзетуге болатынына кепілдік бермейді.
2. Үшінші тарап/тәуелсіз оператор SIM картаны және ұяшықты және/немесе өнім жұмыс істейтін басқа желіні немесе жүйені қамтамасыз етеді. Сондықтан, Vertu осы шектеулі кепілдік бойынша операция, қолжетімділік, қамту, қызметтер немесе ұяшық ауқымы немесе басқа да желі немесе жүйе жауапкершілігін өз мойнына алмайды. Vertu немесе Vertu өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниясы өнімді жөндеу немесе ауыстырудан бұрын, оператор кез-келген SIM бұғатын босатуы немесе арнайы желі мен операторлар үшін өнімге қойылған кез-келген құлыптауын босатуы қажет. Мұндай жағдайда, алдымен оператордан өнімнің құлыптауын босатуды сұраңыз.
3. Бұл шектеулі кепілдік келесілерді қамтымайды: а) қалыпты тозу (шектеусіз камера объективтерінің, батареялардың немесе дисплейлердің тозуы); ә) ұқыпсыз ұстауға байланысты зақымдар (өткір заттардан, майыстырудан, қысудан немесе тастаудан т.с.с пайда болған зақымдар); б) өнімді дұрыс қолданбаудан туатын ақаулар мен зақымдар, оның ішінде Vertu тарапынан қамтамасыз етілген нұсқауға қарсы әрекеттерден пайда болған зақымдар (мысалы, пайдаланушының өнімді нұсқаулардан тыс қолдануы) және/немесе в) Vertu бақылауынан тыс әрекет ету.
4. Бұл шектеулі кепілдік өнімнің Vertu компаниясы өндірмеген немесе жабдықтамаған кез-келген өнімді, аксессуарды, бағдарламалық жасақтаманы және/немесе қызметті қолдану немесе жалғау себебінен пайда болған ақаулар мен зақымдарға немесе өз мақсатына қолданбаудан туатын зақымдарға жауапты емес. Ақаулар өзіңіздің, үшінші тараптың өкілеттігі жоқ қызметтерге, компьютер жүйелеріне немесе желілерге кіруден пайда болуы мүмкін. Мұндай өкілеттігі жоқ кіру хакерлік әрекеттер, құпиясөзді бұзу немесе басқа да жолдар арқылы орын алуы мүмкін.
5. Бұл шектеулі кепілдік батареяның қысқа тұйықталуынан немесе батарея қабығының қалыңдауынан немесе ұяшықтың бұзылуынан немесе қолсұғушылықтан, батареяның өзіне арналған құрылғыдан басқа құрылғыда қолданылуынан болатын ақауларға жауапты емес. Өнімді өкілеттігі бар қызмет көрсету орталығынан басқа біреудің ашуынан, өзгертуінен немесе жөндеуінен болған зақымдарға, өкілеттігі жоқ тарап жөндеген жағдайда немесе өнімнің сериялық нөмірі, телефон аксессуары күнінің коды немесе IMEI нөмірі алынған, өшірілген, аударылып жапсырылған, өзгертілген болса немесе түсініксіз болған жағдайда бұл шектеулі кепілдік жарамды болмайды. Бұл жағдайларды тек Vertu компаниясы анықтауы қажет.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

6. Бұл шектеулі кепілдік өнімге ылғал әсер ету, экстрималды температура немесе қоршаған орта жағдайлары әсер ету (бұл жағдайлардың жылдам өзгеруі), тотығу, тамақ пен сұйықтықтың төгілуі немесе химиялық заттардың әсерінен болған ақауларға жауапты емес.

Vertu компаниясының жауапкершілік шектеуі

Бұл шектеулі кепілдік Vertu компаниясына шағымданудың жалғыз және эксклюзивтік көзі, өніміңіздің ақауларына қатысты Vertu компаниясының жалғыз жауапкершілігі болып табылады.

Қолданбалы заң бойынша Vertu компаниясы зақым шығыны немесе деректің бұзылуы, кез-келген табыс шығыны, қолдану шығыны немесе өнім функционалдығы, бизнес шығыны, келісімшарт шығыны, пайда шығыны немесе күтілген қор, өскен баға немесе шығындар, кез-келген жанама шығын немесе зақым, соңғы шығын немесе зақым немесе арнайы шығын мен зақым үшін жауапты емес. Қолданбалы заң бойынша, Vertu компаниясы өнімнің сатып алу бағасын шектеуі қажет. Жоғарыдағы шектеулер немқұрайлық немесе Vertu компаниясының өз жауапкершілігін қасақана дұрыс орындамау жағдайында, немесе Vertu компаниясының немқұрайлығынан орын алған өлім немесе жеке зақымдану жағдайында қолданылмайды.

Басқа да маңызды кепілдік ескертпелері

Өнімнің, функцияның, қолданбаның және қызметтің қолжетімділігі аймақтарға қарай әр түрлі болуы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін, өзіңізге жақын жердегі Vertu дүкеніне немесе Vertu өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниясына хабарласыңыз.

Барлық сымсыз құрылғылар өнімділікке әсер тигізетін кедергіге сезімтал болуы мүмкін.

Құрылғыға деген өкілеттігі жоқ өзгертулер себебінен пайда болған радио немесе TV кедергілеріне Vertu компаниясы жауапты емес. Мұндай өзгертулер сізді құрылғыны пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Өнімдегі бағдарламалық жасақтаманы талдау ағымдағы заңнама бойынша тыйым салынған. Бұл құжат Vertu компаниясының таныстыруына, кепілдіктеріне, зақымдарына және жауапкершілігіне шек қоймағандықтан, мұндай шектеулер Vertu компаниясының лицензия иелерінің де кепілдіктеріне, зақымдарына және жауапкершіліктеріне шек қоймауы қажет.

Vertu компаниясы жоғарыдағы "Vertu компаниясының жауапкершілігінің шектеуі" бөліміне сәйкес, өнімді жөндеу немесе ауыстыру кезіндегі мазмұн мен деректің жоғалуына, зақымдалуына не бұзылуына әкеліп соғатын ешбір зақым мен шығынға тікелей және жанама түрде жауапты емес.

Өнімнің барлық бөліктері немесе Vertu компаниясы ауыстырған басқа да құрылғы Vertu компаниясының меншігіне айналуы қажет. Егер де өнім шектеулі кепілдік шарттары арқылы қызмет көрсетуге жарамсыз деп танылса Vertu компаниясы мен өкілеттігі бар қызмет көрсету компаниялары жөндеу жұмыстарының ақысын талап етуіне құқылы.

Өнімді жөндеу немесе ауыстыру барысында, Vertu компаниясы жаңа, оған сәйкес немесе қайта өңделген бөліктерді қолдана алады. Өнімнің құрамында мемлекетке сәйкес элементтер, оның ішінде бағдарламалық жасақтама болуы мүмкін. Егер де өнім түпнұсқа межелі мемлекеттен басқа

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

мемлекетке қайта экспорттalса, осы шектеулі кепілдік бойынша өнім құрамында ақау есебіне жатпайтын мемлекетке тән элементтер табылуы мүмкін.

Телефон үшін бағдарламалық қолданба ескертулері

Vertu Life, Vertu Certainty және Recommended apps (Ұсынылған қолданбалар) сияқты телефондағы қызметтер Vertu телефонына соңғы ақпаратты жіберу үшін байланысты талап етеді. Егер қосылым жасалмаса, бұл мүмкіндіктер қолжетімсіз немесе функциясы шектеулі болады. Үйдегі желіде немесе басқа желілермен роумингте болған жағдайда қосылымның қолжетімділігі туралы ақпарат алу үшін, желі қызметінің провайдерімен хабарласыңыз.

Жоғарыда тізімделгендермен қоса телефондағы кейбір қолданбалар интернетке автоматты түрде қосылуы мүмкін. Оны қорғау үшін, телефондағы тиісті байланыс параметрлерін таңдаңыз және/немесе роуминг кезінде қызметтерді өшіріңіз.

Телефонға жаңартуларды орнатпас бұрын, телефонның интернетке қосулы екендігін және телефон батареясы жеткілікті қуатқа ие екендігін тексеріңіз (немесе жаңартуды бастамас бұрын зарядтау құрылғысына қосыңыз).

Егер бағдарлама жаңартуын орнатсаңыз, орнату аяқталып құрылғы қайта іске қосылмағанша телефонды, тіпті, жедел қоңыраулар жасау үшін пайдалану мүмкін емес.

Қызмет немесе бағдарлама жаңартулары телефондағы таймерлерді ысыруы мүмкін.

Сертификаттың бар болуы қашықтағы қосылымдар және бағдарлама орнатуына қатысты қауіптерді айтарлықтай азайтуы мүмкін. Жоғары қауіпсіздікті пайдалану үшін, сертификаттар дұрыс пайдаланылуы қажет және олар дұрыс немесе сенімді болуы қажет. Сертификаттар шектеулі жарамдылық мерзіміне ие. Егер олардың жарамдылық мерзімі өткен немесе жарамсыз болса, құрылғыдағы ағымдағы күн мен уақыттың дұрыстығын тексеріңіз. Сертификат параметрлерін өзгертпес бұрын, сертификат иесіне сеніп сертификаттың көрсетілген иеге тиесілі екендігін тексеріңіз.

Желі қолдауы жіберілген хабардың қабылданғанын немесе оқылғанын анықтау үшін талап етіледі. Дегенмен, бұл ақпараттың үнемі сенімді болуы мүмкін емес.

Деректі жіберу кезінде немесе GPRS/3G қосылымы ашық кезде диктофонды пайдалану мүмкін емес.

Тек үйлесімді құрылғылар мультимедиа хабарларын қабылдай алады және көрсете алады.

Егер мультимедиа хабарына енгізілген элемент желі үшін тым үлкен болса, телефон автоматты түрде көлемін азайтуы мүмкін.

Хабарлар әр түрлі құрылғыларда әр түрлі көрінуі мүмкін.

Егер телефоныңыз серверлері қосылған Microsoft Exchange ActiveSync қызметімен сымсыз синхрондауды қамтамасыз ете алса, бұл қызмет телефон арқылы кіруге болатын сервер бағдарламасы немесе сервер құрылғысына қатысты және телефон сыртында Microsoft Exchange

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

ActiveSync қызметін пайдалануға қатысты Microsoft интеллектуалдық меншікке сәйкес құқықтар бермейді.

Контактілерді енгізу немесе дауыс пәрмендерін өңдеу кезінде әр түрлі контактілер немесе пәрмендер үшін өте қысқа немесе бірдей аттарды пайдаланбаңыз.

Шулы ортада немесе төтенше жағдай кезінде дауыстық белгілерді пайдалану қиын болуы мүмкін, сол себепті кез келген жағдайда дауыстық нөмір теру функциясына сенбеу қажет.

Кэш - телефонда деректі уақытша сақтау үшін пайдаланылатын жад орны. Егер құпия ақпаратқа немесе құпия сөздерді талап ететін қауіпсіз қызметке кірген болсаңыз немесе кіруге талпынсаңыз, әрбір қолданыстан кейін кэшті тазалаңыз.

Енгізу әдістері және қолжазбаны тануға қолдау көрсететін тілдер аудан бойынша әр түрлі болуы мүмкін және барлық тілдер үшін қолжетімсіз.

GPS сигналдарының қолжетімділігі мен сапасына орын, серік орындары, ғимараттар, табиғи кедергілер, ауа-райы жағдайлары және Америка Құрама Штаттары үкіметімен GPS серіктеріне жасалған реттеулер әсер етуі мүмкін. GPS сигналдары ғимараттар ішінде немесе жер астында қолжетімсіз болуы мүмкін. Дәл орын өлшемі үшін GPS пайдаланбаңыз және ешқашан GPS пен ұялы желілер қамтамасыз еткен орын туралы ақпаратқа сенбеу қажет.

Координаттық ақпарат барлық аудандарда қолжетімді болмауы мүмкін.

Егер орын координаттарын желі немесе GPS арқылы анықтауға болатын болса, орын туралы ақпаратты кескін немесе бейнеклипке тіркеуге болады.

Тіркелген орын туралы ақпараты бар кескінді немесе бейнеклипті ортақ пайдалана алсаңыз, орын туралы ақпарат кескін немесе бейнеклипті көрген басқаларға да көрінуі мүмкін. Камера параметрлерінде мұндай геотегтеуді тоқтата аласыз.

Кейбір орын мазмұнын Vertu емес үшінші тараптар құрады. Бұл мазмұнның кейбірі дұрыс емес және жергілікті қолжетімділікке қатысты болуы мүмкін.

Барлық цифрлық картография дерлік дұрыс емес және кейбір дәрежеге дейін толық емес. Осы құрылғыда пайдалану үшін жүктеп алынған картографияға ғана сенбеу керек.

Әлеуметтік желі қызметтерін Vertu емес үшінші тарап қызметтері қамтамасыз етеді. Олар барлық елдерде қолжетімді болмауы мүмкін.

Пайдаланатын әлеуметтік желі қызметінің құпиялылық параметрлерін тексеріңіз, себебі орын мен ақпаратты көптеген адамдар тобымен ортақ пайдалануыңыз мүмкін. Пайдалану шарттары осы қызметті ортақ пайдалануға қолданылады, сол себепті пайдалану шарттары мен қызметтің құпиялылық саясатымен таныс болуыңыз керек.

DRM қорғалған мазмұн сәйкес мазмұнды пайдалану құқықтарын анықтайтын лицензиямен жеткізіледі. Кейбір лицензиялар арнайы SIM картаға қосылуы мүмкін және қорғалған мазмұнға SIM карта телефонға енгізілген кезде ғана кіруге болады.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

WLAN және Bluetooth шектеулері

Кейбір елдерде WLANs және Bluetooth технологиясын қолдану бойынша шектеулер болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, жергілікті құзырлы мекемелерге хабарласыңыз.

Пассивтік қызмет өрісіне жақын байланысты құрылғы

Телефоныңыз пассивтік қызмет өрісіне жақын байланысты құрылғыдан тұруы мүмкін. Егер телефон Vertu фирмалық дүкенінде немесе Vertu өкілетті қызмет көрсету компаниясында көрсетілген болса, бұл құрылғы Vertu ұйымына оның түпнұсқалылығын тексеруге мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаға әсері

ROHS мәлімдемесі

EU RoHS (зарарлы элементтерді қысқарту) 2002/95/EC директивасына сәйкес бұл өнім құрамында келесі элементтер жоқ:

- Қорғасын
- Алты валентті хром
- Сынап
- Полиброминатталған бифенил (PBB)
- Кадмий
- Полиброминатталған дифенил эфирлері (PBDE)

Никель

Vertu құрылғыларының беттерінде никель жоқ. Құрылғының үлгісі мен нұсқасына байланысты құрылғы беттері тот баспайтын болаттан немесе басқа да қоспадан тұруы мүмкін.

ЕО қайта өңдеу ескертпесі

Vertu Waste Electrical & Electronic Equipment (WEEE) қайта өңдеу туралы Еуропа одағының талаптарына сәйкес келеді. Мұндай сәйкестік өнімнің қажетті жеріне үсті сызылған дөңгелек себетпен белгіленеді. Бұл белгі нарыққа WEEE заңдық іс-әрекеттері орындалғаннан кейін шығарылғанын білдіреді және тұтынушының бұл өнімді күнделікті тұрмыстық және сұрыпталмаған қалалық қалдықтар сияқты тастамай, сәйкесінше қайта өңделу қажеттігін білдіреді. Еуропалық WEEE директивасы туралы анықтамалық ақпаратты http://ec.europa.eu/environment/waste/weee/index_en.htm торабынан алуға болады.

Қызмет мерзімі аяқталған соң Vertu өніміңіздің қайта өңделуін қаласаңыз, оны сатып алған нүктеңізге (белгілі болса) немесе Vertu бас кеңсесіне қайтарыңыз. Егер өнімді басқа

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

жабдықтаушыдан сатып алсаңыз, жаңа жабдықтаушы түпнұсқалы өнімді қайтарып, сәйкесінше қайта өңдеуі міндетті.

Бекітілген ішкі батареясы бар құрылғыны отқа тастамаңыз, себебі ішкі батарея жарылуы мүмкін.

Экспорт және бақылау

Өнім құрамында АҚШ және басқа мемлекеттердің экспорттау заңы мен заңдық нормаларының әсеріне ұшырайтын құрамдастар, технология немесе бағдарламалық жасақтама болуы мүмкін. Заң бұзушылыққа тыйым салынады.

Авторлық құқық және сауда маркасының белгілері

Copyright © Vertu 2011-2013. Барлық құқықтары қорғалған.

Vertu және V логотипі - тіркелген сауда белгілері. Бұл жерде аталған басқа өнім және компания аттары өз иегерлерінің меншікті сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болуы мүмкін.

Vertu ұзақ мерзімді даму саясатын жүзеге асырады. Сондықтан, Vertu осы құжатта сипатталған кез-келген өнімді алдын ала ескертусіз өзгертуге және жетілдіруге құқылы.

Google, Google Play, Android және басқа белгілер Google Inc. компаниясының сауда белгісі.

Android robot Google компаниясының жасап, ұсынған және Creative Commons 3.0 Attribution License ішінде сипатталған шарттарға сәйкес қайта өндіріледі және өзгертіледі.

Бұл өнім MPEG-4 Visual стандартына сәйкес кодталған ақпаратпен байланыстағы жеке және коммерциялық емес пайдалану үшін MPEG-4 Visual патенттік қалта лицензиясы (i) бойынша ; және лицензиясы бар бейне провайдері тарапынан MPEG-4 бейнемен байланыстағы пайдалану үшін лицензияланған. Лицензия кез-келген басқа қолданыс үшін көрсетілмеуі және қолданылмауы қажет.

Жарнамалық шаралар, ішкі және коммерциялық қолданыстар туралы қосымша ақпаратты MPEG LA, LLC ішінен таба аласыз. http://www.mpegla.com торабын қараңыз.

© 2012 CSR plc және оның топтық компаниялары. aptX® белгісі және aptX логотипі CSR plc компаниясының сауда белгісі немесе оның топтың компанияларының бірі болып табылады және заңды құзыретті орындарда тіркелген болуы мүмкін.

Bluetooth сөзі бар белгі мен логотиптер - Bluetooth SIG, Inc.компаниясының меншігі және Vertu тарапынан мұндай белгілерді пайдалану лицензия бойынша жүргізіледі.

Белгілі бір өнімнің, функцияның, қолданбаның және қызметтің қолжетімділігі аймақтарға қарай әр түрлі болуы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін, жақында орналасқан Vertu бөлшек сауда дүкеніне хабарласыңыз.

АМК (Арнайы меншікті коэффициент) белгісі - RM-851V

VERTU ТЕЛЕФОНЫҢЫЗ (ҮЛГІ: Constellation V, ТҮРІ: RM-851V, FCC ИД: P7QRM-851V) РАДИОТОЛҚЫНДАРДЫҢ СӘУЛЕЛЕНУ НҰСҚАУЛАРЫМЕН СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

Телефоныңыз радио таратқыш пен қабылдағыштан тұрады. Ол халықаралық нұсқаулар бойынша ұсынылған радиотолқындардың сәулелену шектерін асырмау үшін арналған. Бұл нұсқауларды ICNIRP тәуелсіз ғылыми ұйымы әзірлеген және жасы мен денсаулығына қарамастан барлық тұлғалардың қорғанысын қамтамасыз ететін қауіпсіздік шектеулерінен тұрады.

Мобильді құрылғыларға арналған сәулелену нұсқаулары Арнайы меншікті коэффициент немесе АМК ретінде белгілі өлшем бірлікті қолданады. ICNIRP нұсқауларында орнатылған АМК шегі - 2,0 Ватт/килограмм (Вт/кг), орташа талшықтың он грамынан асты. АМК сынақтары барлық сыналған жиілік ауқымдарында ең жоғарғы сертификатталған қуат деңгейінде таратқыш құрылғымен стандартты жұмыс орындары арқылы орындалады. Жұмыс құрылғысының нақты АМК деңгейі максималды мәннен төмен болуы мүмкін, себебі құрылғы желіге жетуге талап етілетін қуатты ғана пайдалануға арналған. Бұл шама желінің негізгі станциясына қаншалықты жақын орналасқаныңыз сияқты бірнеше факторларға байланысты өзгереді. Құрылғыны құлақта пайдалану үшін ICNIRP нұсқауларына сәйкес ең жоғарғы АМК мәні - 0.494 Вт/кг.Бұл телефон не құлақ жанында қалыпты пайдалану орнында, не денеден кемінде 15 мм (5/8 дюйм) қашықтықта орналасқан кезде RF сәулелену нұсқауларымен сәйкес келеді. Қап, қысқыш немесе ұстағыш киім астынан кию операциясы үшін пайдаланылатын болса, ол металдан тұрмауы керек және денеден жоғарыда айтылған қашықтықта орналасуы керек.

Дерек файлдарын немесе хабарларды тарату үшін, бұл құрылғы желіге жақсы сапалы байланысты талап етеді. Кейбір жағдайларда дерек файлдарын немесе хабарларды тарату қолжетімді қосылым пайда болғанша кейінге қалдырылуы мүмкін. Жоғарыдағы қашықтыққа байланысты нұсқаулар тарату аяқталғанша орындалатындығын тексеріңіз.

Телефон аксессуарларын және кеңейтімдерін пайдалану әр түрлі АМК мәндеріне әкелуі мүмкін. АМК мәндері ұлттық есеп беру мен сынау талаптары және желілер тобына байланысты өзгереді. Қосымша АМК ақпараты өнім ақпаратына сәйкес www.vertu.com торабында қамтамасыз етілуі мүмкін.

АҚШ және Канада

Сондай-ақ, телефоныңыз Федералдық байланыстар комиссиясы (АҚШ) және Канада Өнеркәсіп министрлігінің радиотолқындардың сәулеленуі үшін орнатқан талаптарына сәйкес келеді. Бұл талаптар АМК шегін 1,6 Вт/кг шамасына орнатты, орташа талшықтың бір грамынан асады. Басында пайдалануға арналған өнімді сертификаттау барысында осы стандартқа сәйкес хабарланған FCC/IC ең жоғарғы АМК мәндері - 0,62 Вт/кг және 0,68 Вт/кг, және денеге дұрыс киген кезде (10 мм) - 0.98 Вт/кг.

Телефоныңыз ТД немесе радио кедергілерге әкелуі мүмкін (мысалы, телефонды қабылдағыш құрылғыға тікелей жақын пайдалану кезінде). Егер мұндай кедергілер жойылмайтын болса, ФБК

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

немесе Канаданың Өнеркәсіп министрлігі телефонды пайдалануды тоқтатуды талап ете алады. Егер көмек қажет болса, Vertu тұтынушыға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Өнім(дер) ФБК ережелерінің 15-бөлімімен сәйкес келеді.

Операция келесі екі жағдайларға тәуелді: (i) Өнім(дер) зиянды кедергіге себеп болмайды және (ii) Өнім(дер) қажетсіз операцияға себеп болуы мүмкін кедергіден тұратын кез келген қабылданған кедергіні қабылдауы қажет. Vertu компаниясы растамаған кез келген өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны бұл жабдықты пайдалану өкілеттігінен айыруы мүмкін.

5,15–5,25 ГГц жиілік ауқымындағы операция тек ғимарат ішінде қолдану үшін шектелген. ФБК бірлескен каналды мобильдік спутниктік жүйелер үшін ықтимал кедергілер әлеуетін азайту үшін, 5,15–5,25 ГГц жиілік ауқымына арналған ғимарат ішінде қолдануды талап етеді.

Осы B класты сандық аппарат Канаданың ICES-3(B)/NMB-3(B) стандартына сай болып табылады.

Бұл құрылғы тасымалдау немесе эксплуатациялық ақаулық туралы ақпарат жоқ болған жағдайда тасымалдауды автоматты түрде тоқтатуы мүмкін. Бұл басқару элементін немесе сигналды ақпаратты тасымалдауға, технология тарапынан талап етілетін қайталама кодтарды қолдануға тыйым салу үшін арналмағандығын ескеріңіз.

- Бірлескен каналды мобильдік спутниктік жүйелер үшін ықтимал кедергілер әлеуетін азайту үшін, 5150–5250 МГц жиілік ауқымына арналған құрылғы тек ғимарат ішінде қолдануға арналады.
- Изотропты сәулеленудің эквивалентті қуаты (EIRP) бойынша шектеулерді сақтау үшін, антеннаны күшейтудің максималды коэффициентіне рұқсат етіледі (5250–5350 МГц және 5470–5725 МГц ауқымындағы құрылғылар үшін).
- Жағымды және жағымсыз операция үшін берілген EIRP шектеулерін сақтау үшін, антеннаны күшейтудің максималды коэффициентіне рұқсат етіледі (5725–5850 МГц ауқымындағы құрылғылар үшін).

Сонымен бірге, 5250–5350 МГц ауқымындағы негізгі пайдаланушылар (олардың басымдыққа ие екендігін білдіреді) ретіндегі жоғары қуатты радарлар мен осы радарлар кедергі келтіруі мүмкін және/немесе лицензиядан босатылған LAN құрылғыларына зақым келтіруі мүмкін.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Сәйкестік декларациясы

CE 0168

Біз, Vertu, жеке жауапкершілігімізге сәйкес келесілердің 1999/5/EC Кеңес директивасымен сәйкес екендігін мәлімдейміз: VERTU Constellation V үлгісі, RM-851V түрі; Vertu V Collection Wired Headset үлгісі; және USB деректерді тасымалдау кабелі, CA-209DV және CA-210DV үрлері. Сәйкестік декларациясының көшірмесін http://www.vertu.com торабынан алуға болады.

Vertu Corporation Limited, Beacon Hill Road, Church Crookham, Hampshire GU52 8DY.

© 2013 Vertu Corporation Limited. Барлық құқықтары қорғалған.